



Сайлау-2024: ТРАМП ПА, ӘЛДЕ БАЙДЕН БЕ?

2



ҰЛЫЛЫҚТЫ ҰЛЫҚТАУ

Мақсат – ұлттық
сананы жаңғыртып,
жаңа сапаға көтеру

7



ЧАЙЛДФРИ: саналы түрде сәби сүймеу мүмкін бе?

16

Жыл таңдауы – 2023:

«Вечерний Алматы» –

үздіктер қатарында



InterContinental Алматы қонақүйінде ұйымдастырылған «Жыл таңдауы – 2023» байқауы өз мәресіне жетті. Салтанатты іс-шарада әр сала бойынша елеулі еңбегімен жетістікке жеткен үздіктер марапатталды.



Ернұр
РЫСБАЙ

Түрлі номинациялар бойынша арнайы сыйлықтарға ие болған үздіктер қатарында «Alatau Akshamy» медиахолдингіне қарасты «Вечерний Алматы» газеті де бар. Басылым «Қоғам таңдауы» номинациясына ие болды.

Салтанатты іс-шарада «Alatau Akshamy» медиахолдингінің Бас директоры Ержан Қалымбайұлы үздік деп танылған барлық жеңімпаздарды құттықтап, сөз сөйледі.

– Бұл біз үшін ерекше марапат. Бұл – «Alatau Akshamy» медиахолдингіне қарасты «Вечерний Алматы» газетінің жемісті еңбегінің нәтижесі. Басылымға берілген лайықты баға. Газетіміздің жарық көріп келе жатқанына биыл – 88 жыл. Осы аралықта басылымда тек қана Алматының тыныс-тіршілігі жазылып қойған жоқ, сонымен



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

қатар, елімізде болып жатқан қоғамдағы саяси, әлеуметтік өмірді жан-жақты насихаттап келе жатыр. Басылымды осындай марапатқа лайық көргендеріңіз үшін алғыс білдіреміз. Вечерний Алматы газетінің жоғары марапатқа ие болуы біз үшін үлкен мәртебе, – деді медиахолдинг басшысы.

«Вечерний Алматы» газеті 1936 жылдан бастап жарық көріп келеді. Апталық таралымы 25 мыңға жеткен басылым Алматының орыс тіліндегі бас газеті болып саналады.

Әріптестерімізге шығармашылық табыс тілейміз!

Almaty

AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №7 (6458) 26 қаңтар, жұма, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

АЛМАТЫЛЫҚТАРДЫҢ ТАЛАП-ТІЛЕГІ ӘРДАЙЫМ БІЗДІҢ БАСТЫ НАЗАРЫМЫЗДА



Мемлекет басшысы Алматыға жұмыс сапарымен келді. Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Алматы қаласында сейсмикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөнінде кеңес өтті.

Сапар аясында Президент алдымен шаһардағы Football футбол орталығының қызметімен және қаланы сумен қамту нысандарының құрылысымен танысты. Алып мегаполистің тыныс-тіршілігі туралы жан-жақты ақпарат беретін Ахуалдық орталықты аралап көрді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Кеңесте Алматы қаласының тұрғындарына Үндеу жасады.

– Сабыр сақтаңыздар және әр нәрсеге байыппен қараңыздар. Дүрбелеңге салынып, түрлі қауесет пен жалған ақпаратты қасақана тарататын арандатушылар мен жауапсыз адамдардың жетегіне еріп кетпеңіздер. Нағыз алматылықтар әрқашан ақыл-парасатымен және ұстамдылығымен ерекшеленген. Ел басшылығы сіздердің қауіпсіздіктеріңізді қамтамасыз ету үшін қолдан келгенін бәрін жасайды. Оған күмән болмасын. Алматылықтардың талап-тілегі әрдайым біздің басты назарымызда, – деді Президент.

8-9

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

26.01.2024

Түнде:

-3-5 °C

Бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (көбінесе қар), тұман, көктайғақ.

Күндіз:

0, -2 °C

Бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (көбінесе қар), тұман, көктайғақ.

Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

27.01.2024

Түнде:

-8-10 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:

-2-4 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Таңертең тұман.

Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

www.almaty-akshamy.kz



САРАПТАМА

САЙЛАУ–2024:

ТРАМП ПА, ӘЛДЕ БАЙДЕН БЕ?

Биыл саяси додаларға толы жыл. Ресейде 17–19 наурызда ел президентін сайлайды. Онда қазіргі Президент Владимир Путин жеңіске жететініне ешкім де күмән келтірмейді. Қазақстанға сырттай әсері жағынан көршідегі сайлау маңыздырақ. Дегенмен, әлемдік саясатқа АҚШ-та 5 қарашада өтетін сайлаудың нәтижесі маңызды. Күн өткен сайын Дональд Трамптың Джо Байденмен саяси реваншы жақындай түсуде. Бастапқыда көпшілік Трамп өз партиясы республикалықтардан жеңіліп қалады деп болжаған. Бұған оған қарсы басталған сот үдерісі себеп болды. Бірақ болжам іске аспады. Оның құпиясы неде?

ПРАЙМЕРИЗДЕ
ОЗА ШЫҚТЫ

Сайлау болатын жыл ішкі праймериздермен басталады. АҚШ-тағы саяси өмір осындай. Жетекші партиялар Республика және Демократия өз ішінде бір үміткерді анықтау мақсатында праймеризге түседі. Былтыр үміткерлер арасында саяси дағдарыс өтіп еді. Тамыз айының соңынан бастап жаңа жылға дейін төрт дебат өтті. Олардың ешқайсысына Трамп қатысқан жоқ.



Бұл да бір саяси тактика болды. Бір жағы сот үдерістерімен айналысты. Екінші жағынан халықтың көңіл күйін өзіне қарсы басталған сот үдерісіне аударуға тырысып саяси ұпай жинады. Мұның нәтижесін биылғы праймеризде көруде.

Партияластар қатарынан нағыз бәсекелестері Вивек Рамасвами, Рон Десантис бірінен соң бірі додандан түсіп, Трампты қолдады. Соңғы қарсыласы Никки Хейли қалды. Нью-Гемпшир штатында өткен праймеризде оны да жеңді. Бірақ Хейли берілмейтінін мәлімдеуде. Соған қарамастан, Трамптың саяси салмағы басым. Басты себеп – оның ұтымды тандаған сайлауалды стратегиясында.

КЕМШІН ТҰСЫН БАСЫМ-
ДЫҚША АЙНАЛДЫРДЫ

Америка Құрама Штаттарының қоғамдық-саяси өмірі өте бай. Бізде сайлау болардан бір жыл алдында саясаткерлер, партиялар қозғала бастаса, онда қоғамдық саясат күнделікті қайнасып жатады. Мысалы,

соңғы 2020 жылғы президент сайлауында Дональд Трамп жеңіліп еді.

Сайлау нәтижесі шыққан соң мен жеңілдім деп те айтпады. Оның жақтастарының Капитолийде ойран салғаны бәріміздің есімізде. Дәл сол кезден бастап саясаткер келесі сайлауға дайындықты бастады. Бастағанда қалай, сайлауда өзіне кедергі болатын жағдайларды сайлауалды бағдарламасының басымдығына айналдыра білді.

Біз 2020 жылғы президент сайлауын бекерге еске алмадық. Сайлаудан кейінгі Капитолийдегі ойранды демократтар Трампқа қарсы пайдаланды. 2022 жылдың 15 қарашасында Трамп және оның жақтастары сайлауға түсетіні туралы мәлімдеді. Көп ұзамай мемлекеттік деңгейде экс-президентке қарсы сотқа дейінгі тергеу басталды. Демократтар жер-жерден саясаткерді қаралайтын пікірлер айта бастады. Капитолийдегі ойранды ұйымдастырған Дональд Трамп деді демократтар. Түрлі сарапшылар оған

қарсы қоғамдық пікірді қалыптастыру мақсатында «бүлікшіл саясаткер» бейнесін жасады. Мұндай жан-жақты қысымға мойымай, керісінше оны сайлауалды бағдарламасының тірегі етіп алды саясаткер.

Экс-президент пен оның жақтастары халық алдында әр сөйлеген сөзінде, жазған твиттерінде оған қарсы басталған сот үдерісін Джо Байден бастаған демократтардың саяси тапсырмасы деп мәлімдеді. Осылайша халықтың көзінше саяси режимнің құрбаны, онымен күресуші белсенді азамат бейнесін қалыптастырды. Бұл сайлауалды стратегиясы ұзақ уақытқа арналған. Сондықтан дереу нәтиже бермейді. Міне, арада бір жыл өткесін Трамптың беделі күн өтіп артып жатыр.

САЙЛАУАЛДЫ СТРАТЕГИЯ
НЕ ҮШІН ОҢ НӘТИЖЕ
БЕРУДЕ?

Әрбір саясаткер, қолында билігі бар тұлғалар өз кемшілігін жасырып қалуға тырысады. Идеал саясаткер етіп көрсетуге бейім. Осындайда Трамптың іс-әрекеттерінен аларымыз бар. Бастапқы кездегі кемшіл тұсын саяси басымдығына айналдыра білді.

Трамптың сайлауалды стратегиясы не үшін оң нәтиже беруде? Ең алдымен, оған қарсы сот үдерістері болған сайын газет, сайт және әлеуметтік желі беттерінде тек ол туралы ақпарат тарайды. Бірі жақтаса, бірі қаралады. Бұл жерде басты мәселе оны жақтаушылардың, не қаралаушылардың қайсысының басым екенінде емес, бастысы дискуссия. Бәрі ол туралы әңгіме етуде. Бұл оның танымалдылығын арттыра түседі. Саясатқа қызықпаған адамдардың өзі оны қараласа да, оның бағдарламасын іштей қызығып оқи бастайды.

ТРАМП ЖЕҢСЕ
НЕ БОЛМАҚ?

2016–2020 жылдары билікте болғанда Дональд Трамп ішкі саясатта ғана емес, сыртқы саясатта, тіпті халықаралық қатынаста да түбегейлі өзгеріс келді. Сайлауалды бағдарламасында Қытаймен сауда балансын жөнге келтіремін, сырттан келетін мигранттар мәселесін шешемін деп уәде еткен болатын. Басты мақсаты – ұлттың сана-сезімін ояту және ұлттық дарақтылықты пайдалану еді.

Билікке келгесін уәделерін орындай бастады. АҚШ-тың Қытаймен сауда соғысы басталды. Қытай компанияларына Америка нарығында сауда жасауға кедергі қойылды. Себебі, екі жақсы саудада америкалық нарық жеңіліп отырған. Осылайша патерналистік экономикалық саясат арқылы өз кәсіпкерлерін қорғады.

Сырттан келетін мигранттар мәселесі де өршеленіп тұрған. Әсіресе, Мексикадан келетін мигранттар америкалықтардың көңіл күйіне кері әсер еткен. Сондықтан Мексикамен арада қамал тұрғызды.

Бұл жолы да Трамп жеңіске жетсе түбегейлі өзгерістер жасайтыны сөзсіз. Джо Байден кезінде Қытаймен арадағы байланыс тұрақталып еді. Қарым-қатынас бұрынғыдай болмаса да, сауда қақтығыстары болған жоқ. Экс-президент қайта билікке келсе сауда қақтығысы басталуы мүмкін. 2026 жылы оның қайта өршітінін болжауға болады.

Перлехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



КОНФЕРЕНЦИЯ

ЗОРОАСТРИЗМ: МӘДЕНИ–ТАРИХИ МҰРА

«Тұран» университетінің мәжіліс залында «Еуразия континенті халықтарының эволюциясы контекстіндегі зороастризмнің мәдени-тарихи мұрасы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.



Айнабай
МӘДИ

ҚР ҒҖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, ЮНЕСКО қамқорлығымен Мәдениеттерді жақындастырудың халықаралық орталығы «Тұран» университетімен бірлесіп өткізген «Еуразия континенті халықтарының эволюциясы контекстіндегі зороастризмнің мәдени-тарихи мұрасы» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырушылардың мақсаты – Еуразиялық кеңістіктегі эволюциялық процестерді түсіну ырымы арқылы зороастризм ілімінің мәдени-тарихи мұрасының ғылыми-теориялық және практикалық мәселелерін кешенді зерттеу. Гибридті тәртіпте (онлайн және офлайн) өткен конференция отырысына қатысқан Иран, Әзербайжан, Ресей, Испания, АҚШ пен Беларусь елдерінің жетекші сарапшылары мен ғалымдары қазақстандық зерттеушілермен бірге зороастризмнің түркі халықтарының ежелгі мәдениетімен байланысы мәселесін өзектендіруге сенімді ғылыми мәліметтер ұсынды.

Бұл ауқымды конференцияның тақырыбы ежелгі дін, өзінше бір мәдени құбылыс – Заратуштраның мәдени, тарихи негіздерін анықтау. Демек, біз өзіміздің тарихымызға әлі де тереңірек үңілуіміз керек. Қазақ хандығының

тарихын XV ғасырдан бастасақ та, біздің тарихқа одан әрмен баруымыз қажет. Ислам діні VII, VIII ғасырдан бастап тарап, IX ғасырда біздің жерімізге еңсе де, қазақ елінің тарихы Түркі доуірімен, Тәңіршілдік заманымен табырлас.

«Сол заманда Заратуштра біздің осы өңіріміздің бір жақ шетінде болғаны рас. Археологтар Жетісу маңайынан, Сырдария өңірінен көптеген артефакті тапты. Кеңінен алғанда, зерттеушілер бұл діннің Еділ-Жайық өңіріне дейін қатынасы барын дәлелдеп отыр. Көптеген зерттеушілердің еңбегіне мән беріп, зерделеп, ғылыми тұрғыда қарастыратын «Тұран» университетінің ректоры Рахман Алшановтың қазақ және орыс тіліндегі көптеген ғылыми мақаласы еліміздің біраз басылымдарында жарық көрді.

Осы ғылыми мақалаларда бұл дінге біздің ата-бабаларымыздың да бір шетінен қатысы бары айтылады. Демек, мәдени-рухани жағынан алып қарағанда, теориялық жағынан зерттейтін негіздер туындайтыны анық. Бұл рухани әлеміміздің бір тірегі – Исламды жолға шығармаймыз. Сонда да болса, бұл ғылыми әрі теориялық негізде зороастризмді зерделеу арқылы өзіміздің түпкі негізімізді білейік, көрейік, анықтайық деген ниет, соған сергектікпен қарау», – дейді Философия, саясаттану және дінтану институтының бас ғылыми



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

қызметкері, философия ғылымының докторы, профессор Серік Нұрмұратов.

Әрбірден соң Заратуштраны рухани, мәдени мұра ретінде зерттеп, зерделеуіміз керек. Өркениетті елдің өкілі ретінде халқымыз өзінің нағыз тарихын тым тереңнен білуі тиіс. Мынау конференция да осыған орай батыл жасалып жатқан қадамдардың көрінісі. Бүгінде бұл дін Иран аумағында басымдыққа ие. Үндістанның солтүстігінде Заратуштраны ұстанатындардың әлі де болса шағын орталықтары бар көрінеді. Бұл жолы үнді елінен ғалымдар келе алмады. Конференцияға келген ғалымдар арасында үнді еліндегі зороастризмді зерттегендер бар. Солардың пікірі тыңдалды, өзіміздің ғалымдар өз ғылыми болжамын солардікімен

салыстыруға мүмкіндік тапқандай.

Ислам, христиан мен иудаизмге Заратуштрада қолданылған ұғымдар, түсініктер негіз болғаны белгілі. Жұмақ пен тозақ, намаз туралы ұғымдар сол кездің өзінде болған. «Бес уақыт намаз» деген сөз Заратуштра дінінде де болған. Жақсылық пен жамандық, киелілік пен зұлымдық атаулы сол заманның өзінде Заратуштрада зерттеліп, зерделеніп, айтылды. Заратуштра – рухани өмірде өз орнын тапқан дін. Сондықтан мұны, дін тарихын білуіміз керек. Адамзат рухани әлемін түзей бастағанда «Неден басталды?», «Кім бастады?» деген сауалдардың тууы заңдылық. Ал не себептен осы діни үрдіс біздің заманымызға жетті деген сұрақтың көкейде тұрағы анық. Міне, осыдан қайнар бастау табылады.

Конференцияға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің лекторы, Иранның Рафсанжан университетінен келген Шекиба Фахмех те қатысып, ой-пікірін білдірді.

– «Еуразия континенті халықтарының эволюциясы контекстіндегі зороастризмнің мәдени-тарихи мұрасы» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға шақырғандарыңызға рахмет. Бұл осы саладағы ирандық ғылыми ресурстарға қазақ ғалымдарының қол жеткізуіне жол ашады. Бұл конференция Иран мен Қазақстан ғалымдарының ғылым мен мәдениет саласында байланыстарын ашуға мол мүмкіндік береді. Зороастризм дініне – 3700 жыл. Бұл өте маңызды конференция, – деді Иран мобадандар ассоциациясының президенті Мехрабан Полади.

Түркі халықтары мәдениетінің зороастризммен терең байланысына соңғы жылдардағы ғалымдардың зерттеу материалдары дәлел. Ұсынылған баяндамалар осы ежелгі діни сенімнің идеялық-құндылық көзқарастарын анықтау мен оның тарихынан Түркі халықтарының менталитетіне әсерін анықтауға мүмкіндік береді. Ұсынылған ғылыми талдау негізінде Тәңіршілдікте, Зороастризм мен Исламда параллельдердің болуы көрініс табады. Бұл да болса дүниетанымдық сипаттағы көзқарастардың белгілі бір ұқсастығын анықтауға мүмкіндік береді. Конференцияның ғылыми қорытындысы қазақ халқының, Орталық Азия мен Еуразия құрлығының көршілес түркі мәдениеттерінің ортақ тарихын объективті түсініп, түйсінуге қызмет етеді.



ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

ЖАҢА
АВТОБУСТАР№92 маршруттағы жылжымалы
құрам толығымен жаңартылды

«Мамыр-1», «Әлмерек» шағынауданына қатынайтын маршрутқа жоспарлы түрде 22 автобус жолаушы тасымалдайтын болады. Көпшілік біле жүрсін, қоғамдық көліктер көбінесе техникалық себептерге байланысты желіден шығып, қозғалыс жиілігі алшақтап кетеді.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Осыған орай, қалалық Мобильділік басқармасы автобус санын 25 бірлікке дейін арттырып, жылжымалы құрамды жаңарту туралы шешім қабылдады. Мамандардың айтуынша, бұл жүйелілікті қамтамасыз етіп, жоспарланған жиілікті 10 минуттан 8 минутқа дейін қысқартады.

Golden Dragon маркалы газбен жүретін он екі метрлік жаңа төмен еденді автобустар заманауи құрылғылармен, соның ішінде кондиционермен, бейнебақылау жүйесімен және т.б. жабдықталған. Автобустың жалпы сыйымдылығы 113 адам, оның 28-і отыратын орындығы бар. Ал ескі автобустар парктің резервтік құрамына енгізіледі.

Айта кету керек, былтырғы жылдың қорытындысы бойынша Алматыда 22 жаңа бағыт және 50-ге жуық елдімекенді қамтитын 10 қала маңына қатынайтын бағыт ұйымдастырылды. Әрі 364 бірлік автобус есебінен 24 маршрутта жылжымалы құрам жаңартылды.

ШОБ

Бұл бағдарлама еліміздегі, соның ішінде шаһарымыздағы шағын және орта бизнес басшыларына Германия нарығымен танысу, іскерлік байланыс орнату және неміс компанияларымен ұзақ мерзімді әріптестік орнатуға мүмкіндік береді.



ШЕТЕЛДІК БИЗНЕС

Тағылымдамаға өтінім қабылдау басталды

Айнабай
МӘДИ

Құжаттарды қабылдау ағымдағы жылғы 2 ақпанға дейін жалғасады. Биыл ауыл шаруашылығы және тамақ өнеркәсібі, жасыл технологиялар салаларында жұмыс істейтін компаниялар жетекшілері, сондай-ақ экономиканың түрлі салаларында жұмыс істейтін кәсіпкерлер бағдарламаға қатысуға өтінім бере алады.

Қатысушыларға қойылатын талаптар: шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің жоғары буын басшылары; экономика секторларындағы қызмет: ақылды ауыл шаруашылығы (Smart Farming) саласында жұмыс істейтін компаниялар, жасыл технологиялар саласы, сондай-ақ экономиканың барлық саласы; кәсіпкердің жылдық орташа табысы 10 000 (он мың) АЕК-тен кем емес болуы.

Талап етілетін құжаттар: «Атамекен» ҚР ҰКП атына тағылымдамаға қатысуға өтінім; сауалнама (application form); «Іскерлік байланыс» құралын іске асыру шеңберіндегі қатысушының міндеттемесі, компанияңыз туралы ақпарат қамтитын буклет немесе PowerPoint презентациясы; сіз сатып

алғыңыз /сатқыңыз келетін өнімдер, жабдық және басқа да құралдардың техникалық сипаттамасы (бар болса); қабылдаушы ел фирмаларының сіздің ұсыныс/өтінішіңізге (бар болса) қызығушылығын куәландыратын хаттары; салық төлеушінің кейінгі 3 жылдағы (36 ай) табысын растау туралы EGOV сайтынан ҚР-да алынған табыстар туралы анықтама; мемлекеттік тіркеу туралы анықтама немесе директор атына бұйрық.

«Бағдарлама кәсіпорын басшылары мен топ-менеджерлеріне арналған. Төрт апталық тағылымдама кезінде қатысушылар өз саласына қарай неміс кәсіпорындарының өндірісімен танысады, нақты басқарушылық мәселелерді зерттейді, технологиялар трансферті, жабдық сатып алу, тауар, жұмыс және қызметтерді өзара жеткізу, франшиза алу, бірлескен кәсіпорындарды құру бойынша жеке іскерлік байланыстарды орнатады. Алматылық кәсіпкерлерді бағдарламаға қатысып, тәжірибе жинауға шақырамын», – дейді Алматы қаласы кәсіпкерлер палатасының басқарушы директоры Нариман Ибрагимов.

Алматы қаласы бойынша құжаттарды қабылдау өңірлік кәсіпкерлер палатасы мекенжайында жүзеге асырылады.

БРИФИНГ

ТЕХНИКАЛЫҚ РЕТТЕУ
жүйелі тексеріледі

Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында ҚР сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті, Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша «Қазстандарт» республикалық мемлекеттік кәсіпорны, сондай-ақ Ұлттық аккредиттеу орталығы өкілдерінің қатысуымен брифинг өтті.

Спикерлер 2023 жылғы негізгі қызметтің нәтижесін баян етті. Техникалық реттеу және метрология департаменті жүргізген 582 тексеруде Қазақстан Республикасының техникалық реттеу, аккредиттеу және өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы заңнамасын бұзу дәйегі анықталып, бұл жүргізілген тексерудің жалпы санының 92 пайызын құраған. Былтыр аккредиттеу субъектілеріне қатысты 24 тексеру жүргізілген. Оның екеуі жоспарлы тәртіппен, 22 жоспардан тыс тексеру жүргізілді. Соның сегізінде заңбұзушылық дерегі расталған.

Заңбұзушылық негізінен өнімнің сәйкестігін растау рәсімін өткізу қағидасын бұзу, өнімге толық көлемде сынақ жүргізу, дәлелді техникалық құжаттаманың, сәйкестік сертификат пен сәйкестік туралы декларацияны толтыру нысандарына қойылатын талаптардың болмауынан орын алған. Білгеніміз, еліміздің техникалық реттеу және сәйкестікті бағалау саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін сынақ орталығы «ойын автоматтары» өнімдері бойынша

аккредиттеудің бір бөлігін алты ай мерзімге тоқтата тұра отырып, 2 070 000 теңге әкімшілік айыппұлға тартылғаны.

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты департамент қозғаған 6 материалдың негізінде тауардың шығу тегі туралы сертификат алуда сараптама актілерін беру тәртібін бұзғаны үшін тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сараптама ұйымдарына қызметін бір ай мерзімге тоқтатып, жалпы көлемі 565 500 теңгеге әкімшілік айыппұл салынған.

«Бүгінде департамент субъектіге (объектіге) бармай-ақ, 509 профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізді. Соның ішінде барлық 509 жағдайда заңнама бұзу дәйегі анықталды. Бұл мемлекеттік бақылау бағалы металл мен асыл тастан жасалған зергерлік және басқа да бұйымдарды өткізушілерге, сондай-ақ аккредиттеу субъектісіне, мұнай өнімдерін, көлік құралдарының қосалқы бөлшектерін, электр және өнеркәсіп тауарларын жеткізушілер мен

өткізушілерге қатысты жүргізілді», – деді Техникалық реттеу және метрология комитеті Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Қанат Қабылбеков.

Брифингке Ұлттық аккредиттеу орталығының директоры Ринат Баутов қатысып, орталық қызметінің негізгі нәтижесі туралы айтты.

«Өткен жылы ҚР сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Ұлттық аккредиттеу орталығы сәйкестікті растайтын 119 293 құжат берді. Өнімдер мен қызметтердің сәйкестігін растау құжаты бойынша 480 заңбұзушылық анықталды. Олардың ең көбін ЕАЭО елдерінде берілген декларация құрады», – деді Р.Баутов.

Алматы қаласы мен қала аудандары прокуратурасымен, Алматы гарнизонының әскери прокуратурасымен өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы ҚР заңнамасының талаптарын сақтау тұрғысынан 55 бірлескен тексеру жүргізілді. «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» ҚР Заңының 19-бабын бұзу анықталды. Заңбұзушылыққа әскери бөлім, медициналық орталық, техникалық байқау пункті, жолаушылар тасымалы қызметін көрсететін заңды тұлғалар жол берген. 6562 өлшем құралы тексерілді.

Соның ішінде, 660 өлшем құралы қолдануға жарамсыз деп танылды. Берілген сертификат пен сәйкестікке қатысты декларация мониторингін ҚР СИМ ТРМК Ұлттық аккредиттеу орталығы тұрақты негізде жүргізеді.

А.ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ.

МҰРАЖАЙ

АЛМАТЫ МУЗЕЙЛЕРІ
оқушылар үшін тегін болады

Биылғы 24 қаңтардан бастап мектеп оқушылары үшін Алматы музейлеріне кіру тегін. Қала әкімдігі тиісті шешімге қол қойды. Бұл оқу процесін байытып қана қоймай, балалардың мәдениетке, өнерге және тарихқа деген қызығушылығын оятуға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Сонымен қатар, музейлерге бару арқылы олардың сыни ойлау қабілеті мен аналитикалық дағдылары да дами түседі. «Елімізде 3,9 млн оқушы бар. Біз барлық бала мен жасөспірім өнер туындыларын, артефактілер мен экспонаттарды өз көзімен көріп, дүниетанымын кеңейткенін қалаймыз. Бұл оларға қосымша білім алып, тарихи оқиғаларға терең үңілуге көмектеседі. Мектеп оқушылары музейлерге негізінен сынып жетекшілерімен бірге келетінін байқаймыз. Енді олар оқу жылы барысында да, демалыс кезінде де әкімдікке қарасты музейлерге тегін бара алады», – деп хабарлады Алматы қаласының әкімдігі.

Мектеп оқушылары тегін бара алатын музейлердің тізімі мен мекенжайы:

- Алматы тарихы музейі (Қабанбай батыр көшесі, 132);
- Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейі, (Зенков көшесі, 24/ А);
- Д.А.Қонаев музейі (Төлебаев көшесі, 117);
- Әдеби-мемориалдық музей кешені;
- С.Мұқановтың музей-үйі (Төлебаев көшесі, 125, 3-пәтер);
- Ғ.Мүсіреповтің музей-үйі (Қарасай батыр көшесі, 49, 25-пәтер);
- Тілендиевтің мемориалдық музейі (Қонаев көшесі, 96);
- А.Байтұрсынұлының музей-үйі (Байтұрсынұлы көшесі, 60);
- Райымбек батыр музей кешені (Райымбек батыр даңғылы, 96 А);
- Мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығы («Нұркент» ш/а, 5/11).

Нұр ЖАМАЛ.



БАС РЕДАКТОР БАҒАНЫ

Апат айтып келмейді. Пенде сынақпен сыналады. Қайырымдылық қасиет қиындықта шындалады. Саналылық пен санасыздық өлшемі де осындайда айқындалады.

КӨҢІЛДЕ ҚАЛҒАН БІР ТҮЙТКІЛ

23 қаңтарға қараған түнгі (00.09) Алматыны дүрліктірген жерасты дүмпуі қоғамдағы адами болмыстың қаншалықты жұтандығын тағы бір көрсеткендей.

Жалпы, кез келген төтеннен болған апат – азаматтық жауапкершілік пен қоғамдық ортаның ұжымдық иммунитеті сыналар шақ. Мұндай жағдайға тап болған әрбір жан зілзаладан қорғана, қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, өзгеге көмекке ұмтылу, қолұшын беру секілді адамгершілік қағидаттарын білгені абзал.

Жаратушының құдіретінде шек жоқ, тылсым табиғаттың бұл құбылысы Адамзат баласы үшін әлі шешімі табылмаған жұмбақ. Жер сілкінісінің дәл қай күні, қашан, қалай болатынын дүние жүзінің ең өркениетті деген елдері де күні бұрын болжап айта алмай отыр. Сондықтан табиғаттың сұрапыл «тосын сыйына» қала да, дала да, қарапайым тұрғындар да, билік те лайым дайын тұрғаны абзал.

Қала билігі алғашқы сәттен-ақ жағдайды бірден бақылауға алды. Шаһар басшысы 00.20-да құзырлы мекеме басшыларының басын қосып, жедел штабтың шұғыл кеңесін өткізді. Қауіпсіздікті қамтамасыз етудің барлық жүйесі іске қосылып, қала бойынша халық паналайтын орындар ашылғаны хабарланды. Полиция, жедел медициналық жәрдем қызметі, көпбейінді, мамандандырылған мекемелер күшейтілген режимдегі жұмысқа көшті.

Жер сілкінгенде көпшілікті алаңдатқан «дабылдың қағылмауы» мәселесін қалалық ТЖД басшысы Нұрлан Атығаев сиреналар магнитудасы 5,5 балдан басталатын жер сілкінісі кезінде іске қосылатындығымен түсіндірді.

Тұрғындардың түн ұйқысын ұрлаған дүмпу әдеттегі 2-3 балға бойлары үйреніп, бейқам жүрген алматылықтар үшін жойқын сезілді. Бұған дейін мегаполисте жүйелі түрде өткізіліп келген сейсможаттығулардың бір пайдасы да шығар бәлкім, әп-сәтте қала көшелеріне шыққан адам қарасы да, көлік саны да көбейді. Бір өкініштісі, мұның бәрін растайтын деректермен қоса әлеу-желілер мен мессенджерлерде жұртты үрейлендірер жалған ақпараттар да тарап жатты. Денсаулық сақтау министрлігі аласапыранда жеңіл және орташа дәрежеде жарақат алған 67 адам медициналық көмекке жүгінгенін хабарлады. Маңыздысы – құрбан болғандар туралы мәлімет тіркелмегеніне шүкір дедік.

Өткен екі күнде Алматы зілзаласы туралы ресми де, ресми емес те деректер тым көп айтылды, мәліметтер де мол жарияланды. Осы орайда көңілді күпті еткен мына бір жайды да айта кетпеске болмас.

Жер-Ана тітіркенгенде әнебір жылы бүкіл адамзатты есеңгіретіп кеткен ковидтік кезең еріксіз ойға оралды. Адамға жан қайғы болған сол бір сұрықсыз күндерде алыпсатарлықты заңсыз кәсіпке айналдырып, бетперде мен дәрі-дәрмекті, азық-түлікті саудаға салған талай «малта-барлардың» пендешілігін көз көрген еді. Алматылықтарды үрейлендіріп, жасытқан кешегі зілзалада да кейбір көлік жүргізушілерінің жеке бастың қамын күйттеп, адамгершілікке жатпайтын әрекеттерге барғанына қапаландық. Пендешілік факторы. Қаладағы жеке такси иелері жол ақысын бірден екі-үш есеге қымбаттатқандықтан, жан-жақтағы ағайындарына бет түзеген көп жолаушылар шарасыз күйге түскен екен. Әсіресе, таксистердің Алматы – Қаскелең, Алматы – Талғар бағытындағы елдімекендерге қатынау құнын 25000-нан 40000-ға дейін өсіріп жібергені жайлы аудио-бейне жазбалар әлеу-желілерде әлі де өріп жүр.

Бәлкім, сейсмикалық қауіпті аймақта орналасқан алып мегаполистің айтпай келген апаттан аман шыққан, табиғат сынағынан сәтті өткен тұрғындары үшін бұл қаңтар дүмпуі осы бір пендешілік көрінісімен есте қалар. Көңілде қалған бір түйткіл осы. Адамдардың пейілі тарылмасын дейік...

Төрехан ДАНИЯРОВ.

БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

**Дәулет СӘРСЕНБАЕВ,
Ұлттық сейсмологиялық бақылаулар мен зерттеулер ғылыми
орталығының директоры:**

ҚОҒАМДА ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРҒА ЖАУАПТЫ ҚАРАУ МӘДЕНИЕТІН ТӘРБИЕЛЕУ ҚАЖЕТ

23 қаңтардың түні алматылықтар үшін ұйқысыз өтті. Қытай мен Қырғызстан шекарасында болған жер сілкінісінің күші Алматыға дейін сезілді. Оңтүстік өңірдегі тербеліс күші 5 балл деп бағаланды. Оқыстан орын алған оқиға қала тұрғындары арасында көптеген қауесет сөздің тарауына әкелді және бір жағынан алматылықтардың төтенше жағдай кезіндегі іс-қимыл әрекеттерін біле бермейтінін айқындады. Осы орайда, Алматы қаласының Төтенше жағдайлар департаментінің қабырғасында баспасөз мәслихаты өтіп, ел азаматтарын мазалаған сұрақтарға жауап берілді.



**Досбол
АТАЖАН**

Алматы қаласы ТЖД бастығы Нұрлан Атығаев алдымен Алматыда сезілген жер сілкінісіне қатысты түсініктеме берді.

«Бұл көрші мемлекетте болған жер сілкінісі Қытай мен Қырғызстан шекарасында болды. Географиялық жақындықты ескерсек, бұл шамамен 265 шақырым. Біздің елге жету себебі, біріншіден, жер сілкінісінің тереңдігі 5 км болды, эпицентр жер бетіне әлдеқайда жақын. Сонымен қатар, оның күші 7 балға жеткендіктен, ол барлық Орта Азия мемлекеттерінде сезілді. Тіркелген жер сілкінісі қала мен Алматы агломерациясының инфрақұрылымына ешқандай қауіп төндірген жоқ. Алматы сейсмикалық аймаққа жатқан-

дықтан мұндай жер сілкіністері болып отырады», – деді Алматы қаласы ТЖД бастығы Нұрлан Атығаев.

Брифинг барысында жер сілкінісі кезінде адамдардың арнайы белгіленген пункттерге бару керектігі және олардың қала бойынша саны 384 екені айтылды.

«Бізде төтенше жағдай кезінде тұрғындарды қабылдау орындары ретінде білім мекемелері бекітілген. Алматыда 384 білім объектісі бар: 229 мектеп және 115 балабақша. Олардың барлығы сейсмикалық тұрақты. Түнгі уақытта мектептер жабылады, күзетшілер тікелей өз міндеттерін орындайды. Жалпы, жарты және бір сағат ішінде мектептерге қызметкерлер келіп, тұрғындарды қабылдады. Барлығы мұндай объектілердің көмегіне 11 мыңнан астам азамат жүгінді, оның ішінде 3,5 мың бала», – деп атап өтті ол.

Алматы қаласы ТЖД бастығының

айтуынша, реттеуші құжаттарға сәйкес әкімшіліктің халықты жинау пункттерінің келу және ашылу уақыты қыс мезгілінде + 1,5 сағат, жазда +1 сағатты құрайды. Белгіленген уақытқа дейін барлық жинау нүктелері ашылды. Сұрақ-жауап сессиясы кезінде Нұрлан Атығаев дабыл құралдарының қосылау себебіне тоқталып өтті. Оның айтуынша, Алматы қаласында 843 дабыл құралы бар, ол қала аумағын 100% қамтиды. Сиреналар 5,5 балл не одан жоғары жер сілкінісі тіркелген кезде қосылады. Алматыда тіркелген жер сілкінісінің күші 4-5 балл арасында болғандықтан дабыл құралдарын қосудың қажеттілігі болмаған.

Ал Ұлттық сейсмологиялық бақылаулар мен зерттеулер ғылыми орталығының директоры Дәулет Сәрсенбаев алдағы уақытта жойқын жер сілкінісі күтілмейтінін хабарлады.

«Сейсмикалық жағдайдан кейін біз Қырғызстан мен ҚХР аумағында 100-ден астам афтершоқтарды тіркедік. Афтершоқ дегеніміз – біраз уақыт аралығында қайталанып отыратын сейсмикалық толқындар. Ол алғашқы жер сілкінісінен күші әлдеқайда әлсіз болады. Афтершоқ қанша уақытқа созылуы мүмкін? Түркия мен Сирияда болған оқиғаларды мысалға алайық: ол жерде қайталанатын сейсмикалық толқындар осы күнге дейін болып жатыр. Сондай-ақ, күн сайын Кахраманмараш пен Сириядағы оқиғаларды жаңалықтан көріп отырмыз. Бізде жойқын зілзала бола ма? Мен жоқ деп болжай аламын. Бізде күшті және жойқын жер сілкінісі болмайды. Дүмпу азайып келеді. Біздің қаланың тұрғындары мен қонақтары қандай да бір дүмпулерді сезінген жағдайда дұрыс әрекет ету ережелерін білу қажет», – деді ол.

Сондай-ақ, сарапшылар жер сілкінісі кезінде жанармай құю станциясына бармаған жөн екенін ескертті.

«Жойқын жер сілкінісі жағдайында қайталама факторлар – жарылыстар, өрт болуы мүмкін. Біздің азаматтар көбіне ресми дереккөздерден алынған мәліметтерге сенбейді. Ең алдымен, ресми ұйымдарға – ТЖД, құтқару қызметі, жергілікті атқарушы мекемелердің дерегіне ғана сеніммен қарауға шақырамын. Адамдар әлеуметтік желідегі сөзге емес, өз ісімен айналысатын мамандарға сенуі керек. Біздің міндетіміз – журналистермен бірлесіп азаматтарға ресми деректерді жеткізу. Қоғамда төтенше жағдайларға жауапты қарау мәдениетін тәрбиелеу қажет», – деді Дәулет Сәрсенбаев.





ҚАУІП ҚАЙДАН?

Шыны керек, адамнан жасырсақ та, Алладан жасыра алмаймыз, Алматы – от пен судың ортасындағы, сейсмикалық қауіп басым аймақ. Сондықтан сақтық шаралары қамтамасыз етіліп, кез келген апаттың алдын алуға, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге сақадай сай дайын болған жөн.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ



Қарикатураны салған Галым СМАҒҰЛҰЛЫ

АПАТ АЙТЫП КЕЛМЕЙДІ

Жер сілкінісі кезінде не істеу керек?

Алыптың ашуы

Қырық жыл тұрған Алматыда Жер жарықтың мұндай дүмпуін бірінші рет сезіп, көріп, жағамызды ұстадық. 4-5 балдық сілкініс сілікпемізді шығарғандай. Сол түні ұйқы көрмедік десек болар. Негізі, дүмпу жердің тектоникалық қабаттарында орын алатын табиғи құбылыс. Былайша айтқанда, орасан зор Алыптың қатты ашуланғаны тәрізді.

Бұл жолы да бір ашуын қиды. Дегенмен, ел-жұрт әжептәуір дүрлігіп қалды. Қолдан келгенше әрекет жасап бақты. Жаратқанның да сақтанғанды сақтайтынын ескергендей. Бұл дүмпу елді дүрліктіріп, дүйім жұрттың дайындығын қаперге салды. Апаттың салдарымен күрескеннен гөрі, оның өзіне сай әрекет еткен де жөн болар.

ҚХР Сейсмологиялық орталығының мәліметінше, Қытайдың Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданы Ақсу округінің Уши уезінде 7,1 балл жер сілкінісі болды. Зілзаланың өлкенің орталығы – Үрімжіде, оған жақын маңдағы аудандарда өте күшті сезілген. Жер сілкінісі Қазақстан, Қырғызстан мен Өзбекстанның аумағында да байқалды. Елімізде дүмпу негізінен Алматы қаласында тіркелді.

Бұрнағы күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі Алматыға келіп, қатты сілкіністен соңғы жағдаймен танысты. Қатты дүмпуден кейінгі сызат жарық, сызат түскен бірқатар ғимараттың, тұрғын үйлердің жай-күйін өз көзімен көріп, қала әкімі Ерболат Досаевқа тиісті тапсырмасын берді. Осыған орай, Алматының аудандарында Төтенше жағдай басқармасының қызметкерлерімен бірге құрылған тексеру комиссиясы жұмысын бастап кетті. Комиссия мүшелері тұрғын-жайларда болып, дүмпудің әсерінен болған кем-кетікті анықтауда. Тез арада аудандық коммуналдық сала жұмыскерлері жарылған қабырғаларды қайта жөндеп, реттеу жұмыстарымен айналысатын болады.

Айтайын дегеніміз, жер дүмпуінен кейін Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев сағат 00.20-дан бастап-ақ Жедел штабтың шұғыл кеңесін өткізіп, онда одан әрі іс-қимыл жоспары талқыланды.

«Ауруын жасырған өледі» деп қазақ бекерге айтпаған болар. Өткенде жазғы

каникулда жүрген Мәжіліс депутаты Азат Перуашев қаламызда орналасқан Төтенше жағдайлар департаментінде болып, оның түрлі қызметімен танысып, аталған құрылымның қауіпсіздік пен төтенше жағдайларға қатысты жұмысына бірқатар сын-ескертпесін білдірген. Соның ішінде алматылықтардың төтенше жағдай кезінде жиналар эвакуациялы қабылдау пункттерінің талапқа сай еместігі айрықша назарға алынғаны бар.

Кешегі жер дүмпуінен соң Мәжіліс депутаты Сергей Пономарев қазақстандықтарға қауіп төнген жағдайда кім ескерту керек деген сұрақ туындайтынын айрықша айтты. Мәжіліс депутаттары кейбір заңнамалық актілерге байланыс, цифрландыру және ақпараттандыру саласындағы инвестициялық ахуалды жақсарту мәселесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын қарады. Депутат С.Пономарев Алматыдағы жер сілкінісі Қазақстанда азаматтарға ескерту жүйесінде анық кемшіліктерді көрсеткенін жеткізді. Демек, елімізде қабылданар заң жобасына «лезде хабарлау» түсінігін қайта қарап, енгізу қажет. Бүгінде қолданыстағы заңда байланыс операторларының қысқа хабарлама жіберу жөніндегі міндеттемесі бар. Дегенмен, қысқа хабарламада уақыт бойынша ешқандай шектеу болмайды.

«Зардап шеккендер бар. Нақты ақпаратқа сүйенбей, адамдар дүрбелеңге ұшырады. Олар 2-3-қабаттан секірген кезде зардап шекті. Бұл халыққа мүмкіндігінше ертерек хабарлау және хабарлама жіберу үшін ескерту жүйелерін уақытылы қосу қажет екенін көрсетеді. Мұндай жағдайда азаматтардың іс-әрекетінің реттілігі туралы нақты хабарлау қажет. Барлық сейсмикалық қауіпті аймақта жаттығулар жиі өткізілуі керек деп санаймын. Халық іс жүзінде іс-қимыл алгоритмін білуі керек», – деді ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайылов.

«Хабарлама күні бойы жіберілуі мүмкін. Сондықтан біз мұнда лезде хабар алмасу ұғымын қайта қарау және енгізу қажеттілігін көреміз. Яғни төтенше жағдайлар кезінде олар қысқа және лезде болуы қажет. Сондай-ақ, бір уақытта барлық пайдаланушыға жіберілуі керек. Осы міндеттеме бойынша заң жобасы аясында жұмыс істей аламыз», – дейді Мәжіліс депутаты Екатерина Смышляева.

Депутаттың айтуынша, бүгінде хабар тарату технологиясы коммерциялық қолданысқа енгізілген жоқ, тек қана пилоттық тәртіпте қолданылады. Демек, осы технологиямен жұмыс істеуіміз керек. Алайда, бұл бюджеттік комиссия аясында шешіледі. Бұл үшін қаражат бөлу қажет.

Жапонның жабдықтары сыналуда

ҚР ТЖМ Сейсмологиялық бақылау және зерттеу ұлттық ғылыми орталығы директорының орынбасары Нұрсәрсен Өзбековтің айтуынша, соңғы жылдары жапондық мамандар көмегімен бірқатар аппаратура әкелініп, сынақтан өткізілген.

Бұл жабдықтарды болжау полигонында қолдануға болады. Қазір шамамен 4-5 миллиард теңге алдын ала кепілге қойылған. Ведомство басшысы мәлімдегендей, қаражат көлемі енді ғылыми-техникалық комиссия отырысынан кейін нақтыланатын көрінеді. Ал институт қызметкерлері шетелдік мамандармен бірлесе қарқынды жұмыс істеп, тәжірибе алмасу жалғасып жатқанын айтады.

Төтенше жағдайлар министрі Сырым Шәріпханов сағат 07.00-дегі жедел жағдай бойынша 3 сейсмикалық оқиға тіркелгенін атап өтті. Жер сілкінісі ойда-жоқта келгенін ескерсек те, салалық қызметтер төтенше жағдай кезіндегі өз әрекетін алдын ала пысықтап, жоспарлап қою өте маңызды. Белгілі бір жағдайда қандай әрекет жасау керек екенін білгенде, өз өмірін сақтап қалуға мол мүмкіндік туады.

Негізінде, өлім және жер сілкінісі кезіндегі алған жарақаттың себебі жер асты дүмпуі емес. Өлім-жітімнің көбі дерлік ғимараттардың қирауы, сынық пен пеш мұржанын, көшедегі жарықтандыру бағананың сынықтарының, заттардың құлауы нәтижесінде пайда болатынын тәжірибе анықтаған.

Жер сілкінісінен қалай қорғанамыз?

Маңыздысы, сабырлы болып, үрейсіз әрекет ету. Бірақ жылдам қозғалуыңыз қажет. Ретсіз іс қимыл жасамағаныңыз жөн, өйткені осыдан үрей туындайды. Балалар мен егде адамдардың қамын (олардың кейбіреулері жылжуда қиыншылыққа тап болуы мүмкін) ойлаңыз.

Алматыны дүр сілкінген дүмпу кәсіпкерінен сабақ алуға шақырғандай. Жайшылықта мән бермегеніміз қайшылықта алдымыздан шыға келетіні рас. Апаттың айтып келмейтінінің бір көрінісі бұл.

Зілзалала қауіп-қатерді болдырмау қағидаттары

Жиһаздың ауыр заттары құлайтын жерде ұйықтауға болмайды. Салмақты ауыр заттарды еденге не қабырғаға шегелеп қою қажет. Биік сөреге ауыр заттарды қоймаңыз, өйткені олар құлап адамдарды жарақаттауы мүмкін.

Егер де жер сілкінісі түнде болса, шамды даярлап қою керек. Төтенше жағдай туындағанда жеткілікті көлемде ішетін сумен тағам болу керек. Әрбір адам әртүрлі жағдайда әрекет ету жоспарын өзі жасау керек. Жер сілкінісі кезінде өзі және отбасы мүшелерінің әрекет ету жоспарын анық білу қажет. Қысқасы, жер сілкінісі кезінде сабырлық сақтап, лайықты іс жасап, үрейге жол бермеу керек.

Алматыдағы зілзала кезінде 11 мың адам арнайы қауіпсіз орында түнеп шықты. Қалалық төтенше жағдайлар департаментінің басшысы Нұрлан Атығасевтің айтуынша, тұрғындар қауіпсіз 384 нысанда түнеп шыққан. Олардың, 229-ы мектеп және 115-і балабақша. Соның барлығы сейсмикалық жағынан тұрақты. Түнде сол жерде күзет жұмыс істеді. Бір жарым сағат ішінде мектеп қызметкерлері нысандарға келіп, халықты қабылдаған.

Бұл Алматы – он тоғызыншы ғасырдың соңында он бір балдық жер сілкінісін де басынан кешірген шаһар. Сол кезде де қауіпсіздігі ескеріліп салынған бірқатар ғимараттың бүлінбей қалғанына қайран қаласын. Бүгінде ХХІ ғасыр. Өркениет көшіне ілесуге ұмтылған жұртымыз қолдан жіберілген қателікті кешірмейді. Жалпы, қандай бір табиғи не техногенді апат орын алған жағдайда жұртшылық сабырлы қалпын сақтап, бейресми дақпыртқа сенбеуі керек. Осындайда жүздеген аралдан құралған, талай дүлей апат пен зілзаланы бастан кешірген жапон халқынан үлгі алар тұсымыз көп-ақ.

Сейсмосабақылау институтының басшылығы мәлімдегендей, жапондық мамандар көмегімен бірқатар аппаратура әкелініп, сынақтан өткізілгеніне үміт арттамыз. Болжау полигонында сынақтан өтетін бұл жабдықтың Жер дүмпуінен алдын ала анықтауға едәуір мүмкіндік береріне сенімдіміз. Қандай жағдай болмасын, билік, құзырлы органдар өз міндетіне мінсіз болуы міндет. Ал құлағы түрік, санасы сақ жұртымыз өмір қауіпсіздігін қаперге алып, сақтана білсе, дүрлігудің ауылы алыстар еді...



Бетті дайындаған Айнабай МӘДІІ.

КЕРЕК КЕҢЕС

ТҮРҒЫН ЖАЙДА: газ, су, және жарықты сөндіріңіз. Алдын ала тандалған орында (іргелі ішкі қабырғалардың арасы, іргелі ішкі қабырғалардың бұрышы, колонна жаны мен каркас астындағы орын) тығылыңыз. Терезеге жақындамаңыз, есік жақта үрей туғызбай, лифтіні пайдаланбау қажет.

КӨШЕДЕ: ғимараттардан алысырақ, ашық жерге барыңыз, үзілген сымдардан абай болыңыз, ғимараттарға кірмеңіз.

КӨЛІКТЕ: мүмкіндігінше тез арада ашық жерде тоқтаңыз, дүмпулер аяқталғанша көліктен шықпай, орныңыздан қозғалмаңыз. Автобус жүргізушісі есікті ашып қоюы тиіс.

Жер сілкінісінен кейін: сабырлық сақтап, зардап шеккендерге көмектесіңіз. радиоқабылдағышты қосып, жергілікті биліктің, азаматтық қорғаныс штабының нұсқауларын қадағалаңыз. Аса қажеттіліксіз телефонды ұстамаңыз. Зақымдалған ғимараттарға аса қажеттіліксіз кірмеңіз. Жарақаттанбау үшін мықты аяқкиім киіңіздер, құтқарушы мен басқа шұғыл жұмыстарға қатысыңыздар.



СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Түрлі мамандық арасында адам тағдырын саралап, ақ пен қараны анықтайтын судьялардың орны бөлек. Оның ішінде сот жүйесіндегі ең нәзік сала – кәмелетке толмағандарға қатысты істе сот төрешісінің кәсібилігі мен жауапкершілігі екі есе талап етіледі. Отандық сот жүйесі мен бала қылмысының салдары туралы Алматы облысы кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы **Жанар БЕЙІМБЕТОВАМЕН** сұхбаттасқан едік.



ЮВЕНАЛДЫ СОТ

бала мүддесін қорғайды

Жүйедегі
реттелмеген мәселе

– Жанар Адайбекқызы, қылмыстық-құқықтық саланың мамандануы туралы айтып берсеңіз. Кәмелетке толмағандардың ісін қарайтын мамандандырылған соттар қандай қызмет атқарады?

– Қазақстанда кәмелет жасына толмағандардың ісін қарау ювеналды соттың еншісіне бұйырған. Себебі, біз жүгінетін континенталдық модельде жасөспірімдердің ісін жалпы сотқа қарауға тыйым салынады. 2007 жылы екі қалада эксперименталды түрде ювеналды соттар құрылды. Тиімді не тиімсізін анықтау үшін тәжірибе ретінде ашып көрді. Кейін сот жүйесіне пайдасы бары анықталып, басқа өңірлерде арнайы соттар жаппай ашыла бастады.

2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап арнайы сот құзыреті кеңейді. Соттардың қарауына азаматтық істердің бірқатар санаты берілді. Кәмелеттік жасқа жетпегендердің заңды құқығы мен мүддесі қозғалатын істер мен даулардың барлығын қарау құқығын алды. Бірақ біздің қарайтын істердің категориясы, саны мен мәртебесі реттелмеген. «Кәмелет жасына толмаған балалардың мүддесін қорғайтын басқа істерді де осы сот қарайды» деген категория бар. Соттар осыны алға тартып, іс ересек адамға қатысты болса да, «мұның кәмелетке толмаған баласы бар екен» дейді де, біздің сотқа ысыра салады. Сол мәселе реттелмей жатыр. Біз қандай істерді қарауымыз керек? Осы сұраққа жауап табылып, өзгерістер енгізіліп қалар деген үміттеміз.

Неке бұзу туралы істердің саны өте көп. 3 құрамдағы сот таңертеңнен кешке дейін неке бұзу ісін қарайды. Маманданған соттың арнайы спецификасы бойынша кәмелет жасына толмаған балаларға қатысты барлық істі қарайды. Оның ішінде қылмыстық, әкімшілік және азаматтық істер бар. Маманданған сот қылмыстық істерде кәмелетке толмаған балалардың жасаған қылмыстары мен кәмелетке толмаған балаларға қатысты қылмыстарды қарайды.

Маманданған сотта істердің барлығы міндетті түрде психологтың қатысуы арқылы қаралады. Арнайы кабинеттермен (балаға, анаға, психологқа арналған) жабдықталған. Онда кәмелетке толмаған бүлдіршіндермен түрлі мамандар жұмыс істейді. Істердің көбі жабық түрде, оқшау өтеді.

– Тәжірибеңізде балалар көбіне не үшін қылмысқа барады?

– Жасөспірімдердің қылмысқа баруына негізгі фактор – ата-анасынан қараусыз қалуы. Көбіне тағдыр тәлкегіне түсіп, жоқшылық көрген, жайсыз отбасынан шыққан балалар қылмысқа барады. Балалар тарапынан көбіне ұрлық, тонау, бұзақылық, алаяқтық сияқты қылмыстық істер болып жатады. Оларға қатысты істердің кейбірі жабық түрде өткізіледі. Сондықтан біз көбіне жария етпейміз. Қылмысқа бару себебі әртүрлі. Статистикаға келетін болсақ, қылмыстық істер бойынша былтыр 132 тұлғаға қатысты 103 қылмыстық іс тіркелді.



Коллажды жасаған Нұрбоосын ӨРІСҰЛЫ.

● Елімізде кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар 17 жыл бойы жұмыс істеп келеді. Балаларға қатысты істерді қарайтын сот алғаш рет Алматы мен Астанада 2007 жылы құрылды.

Оның ішінде 63-іне сот үкімі шыққан. 23-і тоқтатылды. Басым бөлігі тараптардың татуласуымен тоқтатылған.

Ауыр қылмыс жасаса да, балаларға қатысты істер тоқтатылуы мүмкін. Егер қылмыс бірінші рет жасалынса, өлімге әкеліп соқпаса немесе денсаулыққа ауыр зиянын тигізбесе, балалардың жыныстық тиіспеушілігіне зиян келмесе істер тоқтатылады. Ал ересек адамдарға қатысты істерде алимент төлемеу ісі жиі қаралады. Ұлттық ерекшеліктерге байланысты да істердің саны азаймай тұр. Кейбір ұлт өкілдері отбасын ерте құрады. Яғни 16 жасқа толмастан некеге тұрады. Бала көтергеннен кейін баланың 16-ға толмағаны белгілі болады да, қылмыстық іс қозғалады. Тараптарға кешірім береді, олар әрі қарай бірге тұра береді. Бірақ баланың жыныстық тиіспеушілігіне қол сұғу болып есептелгендіктен, заң бойынша мұндай істер тоқтатылмайды. Бас бостандығын шектеу түріндегі жаза қолданамыз. Егер іс тоқтатылмаса, тараптардың татуласуына байланысты бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалады. Ол – ең жеңіл, балаларға жиі қолданатын жазалардың бірі.

Бала тағдыры таразыланады

– Оны мен солын танып үлгермегендер шалыс басып, тіпті ауыр қылмыс жасаған күннің өзінде қандай жаза тағайындау керек? Бірден бас бостандығынан айыру қаншалықты дұрыс?

– Бас бостандығынан айыру жазасы

балаларға көбіне қолданылмайды. Ауыр қылмыстарды қоспағанда, бас бостандығынан айыру жазасы бірден тағайындалмайды. Бұл жаза балаларға өте ауыр тиеді. Ең алдымен, алдын алу шараларын жүргізу маңызды. Қылмыстық жауаптан босатқан кезде әртүрлі шаралар қолданылады. Қатаң түрде ескерту жасалып, сот мәжілісінде түсіндіріледі. Одан кейін ата-анасының қамқорлығына беріледі. Ал тәрбиеге көнбейтін, тәртібі қиын балаларды арнайы мектепке жіберу қарастырылған.

Жазда қараған бір ісімді айта кетсем, жоғары сыныптың балалары төменгі сыныптың балаларына күш көрсетеді. Өзінен кіші баланы қатты ұрып, ол сол жерде жан тапсырады. Қайтыс болған бала да, қылмысты жасаған бала да 10-сыныптың оқушылары. Бірден сот залынан қамауға алуға тура келді. Бала кінәсін мойындап, бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды. Сот залында қуанатын жағдайлар да болады. Жұмысына алғыс алатын кездер де жоқ емес. Ата-ана құқығынан айыру немесе шектеуден бөлек, ата-анаға бала беру, яғни бала асырап алу ісінің категориясын қараймыз. Сол кезде асырап алушылардың көз жасын, әсіресе, ер адамдардың қуанып, жылаған сәтін көргенде, бекер жұмыс істеп жүрмегенінді түсінесін. Баласы жоқ азаматтарға соттың ең соңғы сатысындағы шешім – «Талап қанағаттандырылсын» деген екі ауыз сөзді хабарлау судьяларға ерекше қуаныш сыйлайды.

– Бейқамдық пен бір сәт босануды көтермейтін ауыр жұмыс. Сот залында қаралған ең күрделі, әділ шешім шығарарда қиналған істер болды ма?

– Қылмыстық кодекстің кәмелет жасына толмаған баламен сауда саттық жасау деген 135-бабы бар. Сол бап бойынша бір қылмыстық істі қарадым.

Кәмелетке толмаған қыз бала жүкті болып қалған. Аяғы ауыр екенін біліп, көшеде жылап отырған кезде жанына бір әйел кісі келеді. Мән-жайды сұрағаннан кейін әйел «мен баланы асырап аламын» дейді. Кейін қыз босанғаннан кейін жаңағы әйел күйеуі екеуі баланы алып кетеді. Ерлі-зайыпты баланы алып, заңды түрде асырап алу үшін қамқоршылық органға барып арызданады. Ал ол орган прокуратураға сигнал береді. Прокурор келіп, қылмыстық іс қозғайды. Тергеу барысында ешкім ешкімге ақша, сыйлық, т.б. бермегені, саудаласпағаны анықталды. Бірақ сол айыппен сотқа келген. Осыны сот мәжілісінде жария етерде қатты қиналдым. Соңында кәмелетке толмаған қызды ақтап шықтым. Мұндай жағдай елімізде тым сирек кездеседі.

Екінші бір іс – Қылмыстық кодекстің 106-бабының 3-бөлігі, яғни адамның денесіне ауыр жарақат салып, абайсызда өлтіріп алуы. Қасақана өлтірем деп ойламайды, бірақ ауыр жарақат салдарынан қаза табады. Бір баланы туған күнімен құттықтау үшін түнгі 00.00-де достары келеді. Сол кезде досының қарындасымен сөйлесіп тұрғанын көреді де, дос баласының артынан келіп, күрекпен ұрып құлатады. Ауыр жарақатпен ауруханаға жеткізіледі. Бірақ көп ұзамай ауруханада қайтыс болады. Сол күні 18-ге толған бала айыбын толық мойындайды.

Осы жерде сұрақ болуы мүмкін. Бала кәмелетке толды, біздің соттылыққа жата ма деген. Заң бойынша 18-ге толғаннан кейін екінші күнде де кәмелет жасына толмаған болып саналады. Яғни 10 наурызда 18-ге толса, 11 наурызды да қамтиды. Сол себепті, ол кәмелет жасына толмағандардың сотына берілді. Айыбын мойындады, екінші тарап кешірім берген жоқ. Бала 8 жылға сотталды.

Жоғарғы сот
талабы

– Демек, бізде соттағы ақтау үкімінің үлесі аз ғой?

– Иә, бүкіл судьялық ғұмырында ақтау үкімін мүлдем шығармаған судьялар болған. Сол қыз баланы ақтаған кезде ерекше күйді басымнан өткердім. Бұл іс Жоғарғы сотқа дейін жетіп, үкімім өз күшінде қалды. Қатты қиналған істерімнің бірі. Себебі, ешқандай дәлелдеме жоқ. Ақтау үкімі айыбы дәлелденбеген жағдайда шығаратын үкімнің бір түрі. Үкім ақтау және айыптау болып бөлінеді. Көбіне айыптау үкімі шығарылып, прокурордың айыптау актісі негізінде қаралады. Ал келіспеген жағдайда ақтау үкімін шығару керек. Оның айыбының дәлелденбегені сотта нақтыланып, негізделуі тиіс. Ақтау үкімі өте аз шығарылады. Сондықтан Жоғарғы сот бізге осы үкімді көбірек шығару жөнінде талап қойып отыр.

– Бала тағдырын тек сотқа артып қоюға болмайтыны белгілі. Қылмыстық жазаны тағайындаудың басты мәні неде?

– Кәмелетке толмаған баланың ең жоғары айыптау шегі – бас бостандығынан айыру 12 жылдан аспауы керек. Ересек адамға қарағанда кәмелетке толмаған баланы соттаған кезде жаза жеңіл болады. Ересектерге берілмейтін жеңілдіктер жасалады. Мысалы, бас бостандығын шектеу жазасы тек 2 жылға дейін көрсетілуі тиіс. Жасаған қылмысының санкциясында 8, 7, 5 жылға дейін көрсетілсе де, 2 жылдан артық шектеу бере алмаймыз. Ауыр қылмыстар бойынша бас бостандығынан айыру жазасы ең жоғары шегі – 10 жыл, аса ауыр қылмысқа – 12 жыл.

Кәмелетке толмаған жеткіншектер үшін сот әділдігінің мақсаты – оларды қоғамнан алшақтату емес, керісінше оның одан әрі қылмысқа бармауына тәрбиелеу, өмірдегі орнын табуға көмектесу. Қанша жүрегін ауырып, ана ретінде, адам ретінде оларды аяғанмен, заңның өз шеңбері бар. Содан шыға алмаймыз.

Заң бойынша жаза тағайындауға тура келеді. Қиын болса да, эмоцияға берілмей, үкімді оқуға міндеттіміз. Кәмелетке толмағаны, айыбын мойындағаны, т.б. ескеріледі. Саналы түрде жасаған әрекеті қоғамға қауіпті болса, жазаламауға болмайды.

Сұхбаттасқан
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



● ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ЖОШЫ ҰЛЫСЫНА – 800 ЖЫЛ:

ҰЛЫЛЫҚТЫ ҰЛЫҚТАУ

Мақсат – ұлттық сананы жаңғыртып, жаңа сапаға көтеру

Бүгінде билік буыны жаңаланып, өз тарихының бетбұрысты кезеңін бастан кешіп жатқан мемлекетіміздің алдында тұрған бірқатар маңызды бағдарлар бар. Кәдуілгі саяси-экономикалық тұбір реформаларды жүзеге асырудан тыс, ұлттық сананы жаңғыртып, жаңа ұлттық сапаға көтерілу сынды ауқымды міндет тұр. Ол үшін отарлық кезеңде ұлт санасына күштеп таңылған тарихи сананы жаңартуға тура келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Егемен Қазақстан» басылымына берген сұхбатында бұл бағдарға айрықша маңыз берді. Биыл елімізде атқарылуға тиісті айтулы істердің қатарында Жошы ұлысына қатысты ғылыми зерттеулердің де жүргізілетінін атап өтті. «...Жошы ұлысының іргесі қаланғанына – 800 жыл. Мемлекеттілігіміздің тамыры тым тереңде жатқанын әйгілейтін осы айтулы датаға орай кең ауқымды зерттеулер қолға алынады. Биыл Қазақстан тарихының көптомдығын әзірлеу жұмыстарын да аяқтаймыз. Бұл – өзімізден 200-ден астам, шетелден 60-қа жуық маман жұмылдырылып, тыңғылықты жасалып жатқан үлкен шаруа», – деген еді Президент.

Мемлекеттілік пен ұлттық идентификациямыздың тамырын тереңге бойлататын мұндай алқаулы іс қоғам тарапынан, әсіресе, ақпарат кеңістігі жағынан мүлде елеусіз қалмауға тиіс. Сондықтан да Жошы ұлысы, Алтын Орда сынды даңқты тарих парақтары мен қазіргі Қазақ елінің заңды байланысы ақпарат құралдары арқылы қоғам өкілдеріне ұдайы жеткізілуі тиіс. Бүгін біздің тараптан айтылар әңгіме де осы бағытта өрбімек.

Бүлінген тарихи сананы қалпына келтіретін уақыт жетті

Біз отарлық тарихты бастан өткерген халықпыз. Бұл отарлау халқымызға тиесілі территория мен ресурстардан тыс, санаға да бағытталды. Бодандық қамытынан құтылып, ел аумағы мен табиғи байлықтарымызды басқарудың «екі тізгін, бір шылбырын» өз қолымызға алдық. Алайда, санаға бағытталған отарлаудың зардаптарынан әрі құтыла алмай келеміз. Мұның өзі біздің сана-сырқанымыздың қаншалықты уланғанын, бодандық табының қаншалықты ауыр екенін түсіндірсе керек. Бір халықты түбегейлі отарлау, әлбетте, оның тарихи санасын бүлдірмей тұрып жүзеге аспайтыны да белгілі. Сондықтан да өткен ғасырда қалың жұртымызға өз тарихымызға қатысты тек бұрмаланған, өзгертілген немесе жарым-жартылай мәліметтер ғана берілді. Жалпыға ортақ білімді кең таратуден бірге жеткізілген бұл теріс мәліметтер тұтас халықтың өз тарихына қатысты кемтар түсінікте қалуына ықпал етті.

Тарихи санасы бүлінбеген халықты билеп-төстеу мүмкін де емес. Ал тарихи санасы бүлінген ұлт өзінің кім екенін толық танымаудан өзіне деген мақтаныш пен құрметтен, ең бастысы сенімнен айырылады. Былайша айтқанда, ұлттың ішкі «МЕН»-і бүлінеді. Ішкі «МЕН»-і бүлінген жеке тұлға неге болса да қабілетсіз, неге болса да дәрменсіз тарта түседі. Былайша айтқанда, өзін жете бағаламаудан жатқа жалтақшыл, бөтенге бүгежешіл болып келеді. Осындай рухани шабуылдың салдарынан кейін жұртымыздың санасында өз өткеніне күмәнмен, күдікпен қарайтын тоғышар пиғылдар терең орнықты. Кез келген мәселеде алдымен «шетелдік тәжірибе», «дамыған елдердің үлгісі», «пәлен

мемлекеттің даму жолы», «түгеннің сөзі» басшылыққа алынды, «меніңше былай болуы керек», «бізше бұл былай болуға тиіс», «қазақша былай болады» деген егемен, тәуелсіз ой тұсалды. Тіпті, солай айта және ойлай білетіндер керісінше кемқалушы, өгей боп танылды. Міне, осының бәрі өткен ұлы тарихтың ұмытылуынан немесе тарихи сананың бүлінуінен келіп шыққан кесепаттар болатын. Дегенмен, біз тағдырымыздағы ең басты мүмкіндікке қол жеткіздік – егемендігімізді еншілеп, тәуелсіздігімізді тұғырлаттық. Бодандық пиғылдан арылу үшін кемтар сана сырқатын жүйелі емдеуге берілген ең басты мүмкіндік те осы. Мемлекет басшысының қазақ мемлекеттілігінің тамырын тереңге бойлата алатын маңызды тақырыпқа қатысты зерттеу жүргізілетінін сөз етуінің, сапалы ұлт ретінде болашаққа сеніммен қарауды дәріптеуінің бір себебі де осында жатса керек.

Ұмытылған ұлысты зерттеудің маңызы

Жоғарыда айтып өткеніміздей, бүлінген тарихи сананы қалпына келтіру тарихи актандақтарды анықтап, бұрмаланған тарихты, ұлттық жадыны қалпына келтіруден басталады. Халқымыздың шынайы тәуелсіз ойлайтын, тәуелсіз іс жүргізетін әрі бәсекеге қабілетті жаңа сападағы ұлт болуы үшін оның мемлекеттілігінің түп-тамырларын аша зерттеудің маңызы зор. Әсіресе, даламызда салтанат құрған, өзге емес, өз бабаларымыз құрған даңқты ұлыс-ордалар мен хандықтардың, қуатты мемлекеттердің тарихын зерттеудің орны бөлек.

Көпшілікке мәлім, Шыңғыс хан десе, Алтын Орда десе, өткен дәуір «жылнамалары» оларды жаулаушы «моңғолдар», «моңғол шапқыншылығы», «мына далаға жат, бөтендердің жорығы», солардың құрған

мемлекеті етіп көрсетіп келді. Тұма тарих мүлде олай емес. Сонау мың жарым жылдар бұрын дүниені дүбірлеткен Түрік қағанатының шығысы қайта дүр сілкініп, жаңа ордаға бірігіп, Шығыстың бастауында тұтас Тұранды қамтыған Ұлы далада байырғы салтанатын қайта тірілті. Осылайша Жошы ұлысы, кейін дербес Алтын Орда болып, біз бүгін жасап отырған далада мемлекеттер құрды. Тек құрылып қана қоймай, айналасына айбарлы, төрт құбылаға бірдей ықпалды болды. Қазіргідей аумалы-төкпелі кезеңде елдің егемендігі мен аумақтық тұтастығы түрлі сындарға қатар тап болатыны шын. Кейбір



(Дереккөз: qaz.ulysmidia.kz)

• Жошы ұлысының құрылуына қатысты, сондай-ақ, оның тарихи ізі, өз заманында атқарған геосаяси рөлі турасында тарихшы ғалымдар не дейді?

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Жомарт ЖЕҢІС,
Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты директорының орынбасары, т.ғ.к:

ТАРИХЫМЫЗ ЖАҢА КОНЦЕПЦИЯ БОЙЫНША ЗЕРТТЕЛУІ ТИІС

Жошы ұлысының құрылуымен ұзақ тарихи кезеңде бытырап кеткен шаруашылығы, дүниетанымы бірдей киіз-туырлықты түркі халықтары бір мемлекетке бірікті. Ал оның тарихи ең маңызды рөлі ретінде өз дәуірінде осынша алып аймақтағы геосаяси тұрақтылықты қалыптастыруын атауға болады. Саяси қарым-қатынастар мен сауда-экономикалық

байланыстар ретке келді. Жошы ұлысында түрлі елдер мен әртүрлі мәдениеттердің мүддесі тоғысты. Құрамында бір ғана түркі халықтары емес, финн-угор, шығыс славян және Солтүстік Кавказ халықтары сынды өзге мәдениет өкілдері де ұйысты. Бұл – алып аумақтағы мәдени бірыңғайлықтың қалыптасуына ықпал етті. Айталық, қазіргі Солтүстік Кавказда қыпшақ тілінде сөйлейтін көптеген кавказ халықтары бар. Міне, бұл құбылыс сол Алтын Орда дәуірінде қалыптасқан үрдіс еді.

Қазір Президентіміздің тапсырмасымен Астанада Жошы ұлысын зерттеу институты құрылып, ғалымдар жұмыс істеп жатыр. Бұл істің біздің сыртқы саясатымызға үлкен мәні бар. Өздеріңіз білесіздер, солтүстік көршіміз жағынан, тіпті олардың ықпалды саясаткерлері жағынан да біздің территориялық тұтастығымызға қатысты теріс пікірлер, өз тарихын білмеуден қате көзқарастардың айтылып қалатыны бар. Өне, соларға жауап ретінде, аталған институтта үлкен жұмыстар қолға алынды. Әсіресе, Жошы ұлысының басқа мемлекеттерге, басқа мәдениеттерге ықпалына қатысты терең зерттеулер жүргізілуде. Осының өзі Жошы ұлысын зерттеудің қазіргі Қазақ елі үшін мәні айрықша екенін көрсетеді.

Егер біз Қазақ хандығымен шектеліп, Жошы ұлысын зерттемейтін болсақ, бұл біздің үлкен тарихымыздағы тарихи сабақтастықты үзіп тастар еді. Болашақта Дешті Қыпшақ, оның алдында тұрған Оғыз мемлекеттері, одан арғы Түрік қағанаты мен Ғұн мемлекеті жаңа концепция бойынша зерттелуі керек. Сонда ғана тарихымыз түгелделді деуге болады.

Отарлық кезеңде Ресей жағынан біздің тарихымыз бұрмаланды. Мысалы, шығыстың көне тілдерін білетін ғалымдар репрессияға ұшырады. Шын тарихшылардың көзі жойылғаннан кейін өз білгендерінше бұрмалады. Ең бір үлкен бұрмалау Жошы ұлысының ықпалына қатысты болды, айталық оны тек моңғол-татарлардың езусі, қанаушы мемлекеті ретінде көрсетті. Шынтуайтында, аталмыш мемлекет төңірекке саяси-экономикалық байланыстар орнатқан ықпалды империя еді. Қазір енді шетел ғалымдары болсын, Еуропа, Жапония, АҚШ ғалымдарының өзі Жошы ұлысының үлкен мемлекет болғанын, айналасындағы елдерге ықпалы туралы көп зерттеулер жүргізіп жатыр. Былайша айтқанда, бізде ғана емес, әлем елдерінде де Жошы ұлысын зерттеп жатқан ғалымдар бар. Ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін осы зерттеулер де анық көрсетіп жатыр. Сондықтан Жошы ұлысын оның алып геосаяси аймаққа жасаған ықпалы тұрғысынан зерделеу аса маңызды болмақ.

тараптан Қазақ мемлекеттілігінің тарихына қатысты керенау пікір, сумақы сөздер де ұдайы шығып жатады. Тұма тарихты қасақана жоққа шығарып, егемендік пен территориялық тұтастыққа қатысты мысыктілеулі пікір айтудың астарында ұлттық санамызға бағытталған кезекті шабуылды да аңғарамыз. Міне, осындай тұста Жошы ұлысын, Жошы құрған алып мемлекеттің, кейінгі Алтын Орда империясының қазіргі Қазақ елімен тарихи сабақтастығын терең ашып көрсету аса маңызды. Бұл ел ішінде ұлттық

идеологияның беріктігін бекемдеп, ауызбіршілікті арттырса, ел сыртындағы сумақы сөзге үлкен тосқауыл болмақ.

Ең маңыздысы – ұлттық сананың сырқатына дауа беріп, ұлттық «МЕН»-нің шындалуына жол ашары анық.

Бетті дайындаған
Естай БОЖАН.



(Дереккөз: akorda.kz)



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

АЛМАТЫЛЫҚТАРДЫҢ ТАЛАП-ТІЛЕГІ

(Басы 1-бетте)

Сейсмикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі кеңесте Мемлекет басшысы ел аумағының үштен бір бөлігінде жер сілкінісі қаупі бар екенін айтты. Сейсмологиялық станциялар соңғы 5 жылда 45 мыңнан астам дүмпу жағдайын тіркеген. Оның көбі – төмен балдық жер сілкінісі.

– Бірақ ашығын айту керек, Алматыда болған төтенше жағдай кезінде тиісті органдар шұғыл әрекет етуге толық дайын болған жоқ. Ал қала тұрғындары не істерін білмей, абдырап қалды. Десенмен, бұл жиынның басты мақсаты – сын айту емес, нақты шешімдер қабылдау. Мысалы, жұрттың көпшілігінде «төтенше жағдайға қажетті чемодан» да жоқ болып шықты. Тиісті оқу-үйрету шаралары мектептен, тіпті балабақшадан басталуы керек. Бұрын Алматыда осындай тәжірибе болған. Соны қайта жаңғырту қажет. Себебі, қазір азаматтарды төтенше жағдайға дайындау жүйесі талапқа сай емес. Құзырлы органдар халыққа жан-жақты түсіндіру жұмысын жүргізуге тиіс. Оқу орындарында, мемлекеттік мекемелерде тұрақты жаттығу өткізіп тұру қажет. Бұл – өте маңызды. Осы жұмысты дереу қолға алу керек, – деді Президент.

«Дабыл қосылмады.
Бұл дұрыс шешім болды»

Қасым-Жомарт Тоқаев инфрақұрылымдардың халықты эвакуациялауға дайындығына және құлақтандыру жүйесіне қатысты мәселеге ерекше назар аударды.

– Дабыл қосылмады. Бұл дұрыс шешім болды. Әйтпесе, қалада дүрбелең туындайтын еді. Бірақ халықты басқа байланыс арналары арқылы хабардар ету қажет болатын. Құлақтандыру бірнеше негізгі міндетті шешуі керек. Олардың қайсысын бұрын қолдану керектігі қауіп-қатердің ауқымына байланысты. Алайда, қолданыстағы алгоритмдерде бұл ескерілмейді. Қатты жер сілкінісі кезінде адамдарды зілзаланың физикалық сипаттамалары мен эпицентрі туралы ақпарат қызықтырмайды. Олар табиғат апатының қаншалықты жойқын екенін онсыз да сезінді. Мұндай сәтте, ең бастысы, тұрғындарды әрі қарай қалай әрекет ету жөніндегі ақпаратпен қамтамасыз ету маңызды. Азаматтар «Үйге оралуға бола ма?», «Қайдан көмек алуға болады?» деген сауалдарға жауап алуы керек. Сондықтан құлақтандыру жүйесін қайта қарап, оны барынша нақты қажеттілікке бейімдеу қажет. Техникалық құралдар ақпараттың әр адамға уақытылы жетуін қамтамасыз етуге тиіс. Бұл жолы SMS-хабарламалар тым кеш келді. Сондай-ақ, дүмпу кезінде байбалам салып, жекелен ақпарат таратқандар болды. Жұртты әдейі дүрліктірген адамдарды заңға сәйкес жасаға тарту қажет, – деді Президент.

Жер сілкінісінен сабақ алып,
жіберілген олқылықтарды
түзету қажет

Мемлекет басшысы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жүйесін материалдық-техникалық тұрғыдан жарақтандыру деңгейінің төмендігін сынға алды. Бұл сейсмикалық мониторинг желісіне де, сондай-ақ құтқарушыларды заманауи құрал-жабдықтармен, техникамен және арнаулы киімдермен қамтамасыз ету ісіне де қатысты.

– Сейсмикалық бақылауды «Ұлттық сейсмологиялық бақылау және зерттеу ғылыми орталығы» ЖШС-не қарасты Алматы, Шымкент қалаларындағы және 12 облыстағы 70 сейсмологиялық станция жүргізеді. Оның алтауды істен шыққан. Мамандардың есебіне сәйкес бүкіл ел бойынша қосымша 285 сейсмологиялық станция орнату қажет. Жойқын жер сілкінісі кезінде мемлекеттік материалдық резервтің болуы және оның қолжетімділігі айрықша маңызды. Көлік байланысын жедел қалпына келтіру және медициналық көмек ұйымдастыру мүмкіндігі де шешуші рөл атқарады. Әкімдер Төтенше жағдайлар министрлігімен бірлесіп, барлық елдімекеннің осыған қағаз жүзінде емес, іс жүзінде дайын екеніне көз жеткізуге тиіс. Осы жер сілкінісінен сабақ алып, жіберілген олқылықтарды түзету қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент құрылыс барысында сейсмикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі толық шешімін таппай отырғанын айтты. Мемлекет басшысының пікірінше, зілзала кезіндегі қауіпсіздік шараларын түбегейлі қайта қарау қажет.

Спикер Алматының азаматтық қорғаныс жүйесі жер сілкінісіне дайын болмай шыққанын, ал құзырлы органдар табиғаттың бұл сынағынан өте алмағанын атап өтті.

– 2021 жылы жеті министрліктің бірлескен бұйрығымен Қазақстан Республикасының 2021–2023 жылдарға арналған сейсмикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстарының тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар кешені бекітілді. Басқа да міндеттерді қоса алғанда, бұл құжатта Алматы қаласы үшін жойқын жер сілкіністері туралы автоматтандырылған ерте хабарлау жүйесін енгізу көзделген еді. Әдеттегідей, берілген есепте бәрі дұрыс. Осы мақсаттарға бөлінген қомақты қаражат игерілген, нысандарды қабылдап алу актісіне қол қойылған. Бас прокуратураға Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен бірлесіп, осы мәселемен айналысуды және бір айдың ішінде қаражаттың қайда жұмсалғанын, дабыл жүйесінің неге жұмыс істемегенін анықтауды тапсырамын. Соған қарағанда, бүкіл елімізде өткізілген 27 мың сейсмикалық жаттығу мен 2,5 мың семинардың да түк пайдасы болмады, – деді Мемлекет басшысы.

Біз елімізде «смарт-қалалар» құруға
ниеттіміз

Қасым-Жомарт Тоқаев Сейсмология саласын дамытудың 2024–2028 жылдарға арналған кешенді жоспарын әзірлеп жатқан Үкіметке сейсмикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәсілдерін қайта қарауды тапсырды. Сонымен қатар, Президент бұл жұмыстың нәтижелерін бағалаудың нақты өлшемдерін әзірлеуді және тиісті шаралар қабылдауды талап етті.

– Сейсмологиялық мониторинг пен жер сілкінісін болжау жүйесін түбегейлі жетілдіру қажет. Азаматтар алғашқы дүмпуге дейін бірнеше секунд бұрын Google сервисі ескерту жасағанын айтып жатыр. Біздің жүйелер бұлай істей алмады. Біз елімізде «смарт-қалалар» құруға ниеттіміз. Оларды басқару жаңа технологияларға, соның ішінде жасанды интеллект саласындағы соңғы жетістіктерге негізделуі керек. Сондықтан әлем бойынша тиімділігі дәлелденген инновациялық шешімдерді қолданысқа белсенді түрде енгізу қажет. Үкімет қысқа мерзім ішінде заманауи технологияларды қолдануға қатысты оңтайлы шешім шығаруы керек. Әрине, сейсмикалық қауіпті аймақта орналасқан еліміздегі ең ірі қала ретінде Алматыға басымдық берген жөн. Білікті сейсмологтар мен басқа да мамандарды даярлауға ерекше назар аудару қажет, – деді Президент.

Мемлекет басшысының пікірінше, Алматыдан бөлек, еліміздің басқа да аймақтары жер сілкінісіне дайын болуға және қажетті инфрақұрылымды қамтамасыз етуге тиіс.

– Тұрғындар жиналатын және олар уақытша паналайтын арнайы орындарды тексеру керек. Сондай-ақ, азаматтарды қауіпсіз жерге көшіру, зардап шеккендерге жедел жәрдем беру, көшпелі емдеу орындарын ашу жұмысын тиімді ұйымдастыру қажет. Сонымен қатар, материалдық резерв жеткілікті болуға тиіс. Тағы бір маңызды мәселе. Апат болған жағдайда басқа аймақтардан құтқару қызметін жедел жеткізуді қамтамасыз ету керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Төтенше жағдайларға сақадай сай болу –
мемлекеттік органдардың ортақ міндеті

Сонымен қатар, Президент ғимараттар мен нысандардың сейсмикалық орнықтылығын күшейту қажет екенін атап өтті. Үкімет пен әкімдікке осы мәселені зерделеп, тиісті шешім қабылдау жөнінде тапсырма берілді.

– Жалпы, тұрғындардың төтенше жағдайға дайындығын қағаз бетінде емес, іс жүзінде жақсарту қажет. Негізгі міндет – азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Бұл, ең алдымен, ұлттық қауіпсіздік мәселесі. Төтенше жағдайлар кезінде барлық салалық құрылым жедел әрекет етіп, үйлесімді жұмыс істеуі керек. Дүрбелең мен хаосқа жол бермей, жағдайды тұрақтандырып, апаттың ауыр салдарын мүмкіндігінше жеңілдету үшін дұрыс және уақытылы әрекет ету маңызды. Төтенше жағдайларға сақадай сай болу – Үкімет бастаған мемлекеттік органдардың ортақ міндеті, – деді Президент.

Төтенше жағдайлар министрлігіне өз қызметін сыни тұрғыдан қайта таразылау міндеті жүктелді. Мемлекет басшысы министр Сырым Шәріпхановтың аталған сала маманы ретінде теориялық білімі бар екенін, бірақ нақты іске келгенде жұмысының нәтижесі көрінбей жатқанын айтты.

– Қазіргі жұмысты көңілден шығады деп айтуға келмейді. Министр Шәріпхановқа ескертемін. Егер сіз өз жұмысыңызды ауыр санайтын болсаңыз, ашығын айтыңыз, ғылыми-оқытушылық қызметіңізге қайтарамыз. Онда тұрған ештеңе жоқ. Қазіргі ахуал өте күрделі және жауапты, еліміздің қауіпсіздігіне тікелей байланысты. Сондықтан бәріміз жинақы, ұқыпты және белсенді болуымыз қажет. Басқа жол жоқ. Президент Әкімшілігі бүгін айтылған барлық мәселені бақылауда ұстайды, – деді Мемлекет басшысы.

• Жиынға Президент Әкімшілігі мен Қауіпсіздік Кеңесінің басшылығы, Үкімет мүшелері, қалалар мен облыстардың әкімдері, сондай-ақ аймақтардағы төтенше жағдайлар департаменттерінің жетекшілері қатысты. Сонымен қатар, жиында Төтенше жағдайлар министрі Сырым Шәріпханов пен Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев сөз сөйледі.

Бұл орталық Лиссабон мен Дубайдан
кейін үшінші болып, Алматыда ашылды

• Football футбол орталығының қызметімен танысқан Президентке жаңа орталықтың пилоттық режимде жұмыс істей бастағаны туралы мәлімет берілді.

Мұнда қазір жоғары білікті 8 бапкер 50 баланы жаттықтырып жатыр. «Smart Football» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылтайшысы Мұрат Медеуовтің айтуынша, футбол академиясында 5 жастан 12 жасқа дейінгі 1000-ға жуық баланы жаттықтыру жоспарланған.

Football – спортсүйер қауымға, отбасылық демалысқа, балалар мен ересектер арасында турнирлер өткізуге арналған интерактивті футбол алаңы.

Алматыдағы Football орталығы Португалияның франшизасын алған. Оның бас кеңсесі Лиссабонда орналасқан. Аталған жобаны танымал португал футболшылары Руй Кошта мен Криштиану Роналду 7EGEND инновациялық компаниясымен бірлесіп жасаған. Бүгінде Football франшизасы әлемнің 60-тан астам еліне сатылған. Бұл орталық Лиссабон мен Дубайдан кейін үшінші болып, Алматыда ашылды. Жобаға 1,5 миллиард теңгеден астам жеке инвестиция салынған.

Орталықтың биыл 50 мыңнан астам адам қабылдау, сондай-ақ спорт пен салауатты өмір салтын насихаттау үшін Алматы қаласының оқушылары арасында турнир өткізу жоспары бар. Инвесторлар еліміздің барлық өңірінде осындай орталықтар желісін ашуды көздеп отыр.

Президент балаларға арналған спорт жобасын дамыту үшін жауапты органдарға жер телімін бөлу мәселесінде жәрдем көрсетуді тапсырды және Астанада осындай футбол орталығын салу туралы бастаманы қолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев жас футболшыларға табыс тілеп, спорт жейдесіне қолтаңбасын қалдырды.

Жалпымемлекеттік маңызы бар
басым міндет

• Мемлекет басшысы Алматы қаласындағы сумен қамту нысандарының құрылысымен танысты.

Президент әрқайсысының сыйымдылығы 3000 текше метр болатын «Балқаш» таза ауызсу станциясының екі резервуарының және сорғы станциясының құрылысымен танысты. Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Каптаж», «Бастау» тоғандарынан және «Медеу» сүзгі станциясынан келетін судың осы резервуарларда жинақталып, зарарсыздандырылатыны жөнінде мәлімет берілді. Тазаланған ауызсу арнайы орнатылған сорғылардың көмегімен Каменское плато, Көлсай, Юбилейный және Мұзтау ықшамаудандарының магистральды желілері арқылы таратылады.

Нысанды аралап көру барысында Мемлекет басшысына Алматы қаласын сумен қамту желісінің қазіргі жай-күйі мен даму жоспары туралы баяндалды.

Президент тапсырмаларын орындау аясында қала әкімдігі былтыр жаңадан 117 шақырым сумен қамту желісін салып, 46 километр су құбырын жаңғырту жұмыстарын жүргізген. Аталған шаралар Алматы халқының 99,3 пайызын сумен қамтитын орталық желіге қосуға мүмкіндік берді. Биыл тағы 142 километр су құбырын тартып, 48 шақырым желіге жөндеу жұмыс-



ӘРДАЙЫМ БІЗДІҢ БАСТЫ НАЗАРЫМЫЗДА



тарын жүргізу жоспарланып отыр. Бұл жыл соңына дейін тұрғындардың 99,6 пайызына су жеткізіп, желілердің тозу деңгейін 53,8 пайызға дейін төмендетуге септігін тигізеді.

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаевқа Медеу ауданының 50 мың тұрғынын сумен қамтудың қосалқы схемасын іске қосу жоспары жөнінде мәлімет берілді. Ал Алатау, Бостандық және Наурызбай аудандарының халқын сумен тұрақты әрі сапалы түрде қамтамасыз ету үшін екі тоған салынып жатыр және тағы екеуінің жобалау жұмыстары жүргізілуде.

Алматы қаласы әкімдігінің мәліметіне сәйкес, биыл Қарғалы тоғанының құрылысын аяқтау жоспарланып отыр. Бұл нысан Наурызбай ауданының 50 мың тұрғынын ауызсумен қамтамасыз етеді. Келесі жылы Ақсай тоғанының құрылысын аяқтау көзделуде. Ол Наурызбай ауданындағы 100 мың тұрғын мен Алматы облысы, Қарасай ауданындағы 15 мың тұрғынның суға қатысты мәселесін шешуге септігін тигізеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласын сумен қамтамасыз ету жалпы мемлекеттік маңызы бар басым міндет екенін атап өтті. Сонымен қатар, былтыр Алматы қаласының Медеу ауданында болған жағдайдың қайталануына жол беруге болмайтын ескертті.

– Елімізде су тапшылығы бар. Бізге жалпы мемлекеттік бағдарлама қажет. Бау-бақшаны суару үшін ауызсуды пайдалануға болмайды. Оның орнына су үнемдеу технологиясын қолданысқа енгізіп, жер астынан жаңа су көздерін іздеу қажет. Алматының тұрғындары ауызсудың тапшылығына жиі шағымданады. Сондықтан кешенді, жүйелі жұмыс жүргізілуі керек, – деді Президент.

Бұл орталық мегаполистегі өмірдің барлық аспектісіне қатысты деректерді жинап, талдауға, халықты құлақтандыруға және қала билігінің тұрғындармен арадағы кері байланысын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта Алматының Ахуалдық орталығы қала тіршілігінің барлық саласын қамтитын 53 модульден тұрады. Деректер 50-ден астам ұйымнан, сондай-ақ мемлекеттік және қалалық ақпараттық жүйелерден (Ұлттық статистика бюросының сайты, «Қылмыстық құқық бұзушылықтар картасы», «109 қызметі», «Бірыңғай бейнемониторинг жүйесі», «Сергеко», «Онаи», Метрополитен, ТЖД және т.б.) жиналады.

Президенттің тапсырмасына сәйкес, балалардың қауіпсіздігіне айрықша мән беріледі. Былтыр Алматыдағы барлық мемлекеттік мектеп пен балабақшаларда алғаш рет кешенді қауіпсіздік жүйелері енгізілді. Мемлекет басшысына оның цифрлық бейнебақылау камералары, дабыл түймелері, өртке қарсы қауіпсіздік жүйелері, Face ID қондырғысы бар арнайы турникеттер секілді 4 бөліктен тұратыны жөнінде баяндалды.

– Жасанды интеллект азаматтардың, атап айтқанда, Алматы тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға қызмет етуге тиіс. Сондықтан мен сіздердің жасанды интеллект құралдарын енгізу жоспарыңызды қолдаймын. Бұл бір. Екіншіден, қаладағы көлік жағдайына ерекше назар аудару керек. Мұны анық байқауға болады. Бұл – өте өзекті мәселе. Мұнда жасанды интеллект ерекше рөл атқаруы керек. Әрине, қауіпсіздікті назардан тыс қалдыруға болмайды. Қауіпсіздік бірінші орында тұруы керек, – деді Президент.

Содан кейін Мемлекет басшысы мегаполистің көлік жүйесін дамыту жөніндегі баяндаманы тыңдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа 2025 жылдан кейін қоғамдық көлікті толықтай газға және электрге көшіру жөнінде берген тапсырмасының орындалу барысы туралы баяндалды. Әкімдіктің мәліметіне сәйкес, алдағы 2 жыл ішінде қоғамдық көліктің барлық коммуналдық автопаркін жаңарту жоспарланған. Сонымен қатар, 11 жылда алғаш рет троллейбус паркін жаңарту қолға алынды.

Қалада жол құрылысының қарқыны артып келеді. Алматыда былтыр 70 көшеге 25 шақырым жаңа жол салынса, биыл 136 көшеге жалпы ұзындығы 70 шақырым болатын жол төсеу жоспарланып отыр. Сондай-ақ, өткен жылы 200 шақырым жолға орташа жөндеу жұмыстары жүргізілсе, биыл бұл көрсеткіш 250 шақырымға дейін ұлғайтылмақ.

Алматы агломерациясымен көлік байланысын қамтамасыз ету жөніндегі Президенттің тапсырмасын орындау аясында шаһарда жолайырықтар құрылысы жүргізіліп жатыр. Қаланың шетінен орталығына қарай келетін радиалды жолдарды ашу жұмыстары жүзеге асырылуда. Осы жылдың соңына дейін Саин мен Мөңке би және Сейфуллин мен Жансүгіров көшелерінің қиылысында жол айырығын салу жоспарланып отыр.

Қалалық ұтқырлықтың тиімді моделі

Мемлекет басшысына орнықты көлік базасын қалыптастыру жөнінде жүйелі шешім қабылданғаны туралы мәлімет

берілді. Оның негізін жылдам жүретін қоғамдық көліктер құрайды. Жаңа BRT, LRT және метро желілерін ашу заманауи мегаполистің талаптарына сай келетін қалалық ұтқырлықтың тиімді моделіне көшуге мүмкіндік береді. Осы орайда, «Қалқаман» жаңа метро станциясын ашып, метрополитеннің «Барлық» базарына дейінгі үшінші кезегін салу жұмыстарын бастау керек. Сондай-ақ, метроны солтүстік және шығыс бағыттарда дамыту жобаларын жүзеге асыруға кірісу жоспарланып отыр. Бұдан бөлек, Төле би көшесімен өтетін және Алматының батысы мен шығысын жалғайтын LRT-нің (26 км) бірінші желісін іске қосу көзделген.

Баяндаманы тыңдаған соң, Қасым-Жомарт Тоқаев қаланың көлік жүйесін дамыту жөніндегі жобаларды қолдайтынын атап өтті. Президенттің айтуынша, бұл жобалардың іске асырылуы Алматының инвестициялық тартымдылығын арттыруға септігін тигізіп, қала тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсартуға ықпал етеді. Осыған байланысты Мемлекет басшысы тиісті құжаттарды тез арада дайындап, жобаларды жүзеге асыруға кірісу керек екенін айтты.



Президент қайта қалпына келтірілген қала әкімдігінің ғимаратын аралап көрді

Мемлекет басшысы Алматы қаласына жұмыс сапары барысында қайта қалпына келтірілген қала әкімдігінің ғимаратын аралап көрді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа реконструкция кезінде әкімдік ғимаратының энергетикалық тиімділігін едәуір арттыруға ықпал еткен заманауи материалдар мен технологиялар қолданылғаны туралы баяндалды. Ғимараттың тарихи мәнін ескере отырып, оның архитектуралық келбетін сақтау туралы шешім қабылданды. Мәрмәрі қасбеттер, жезбен және табиғи тастармен безендірілген бұрынғы ішкі сәндік элементтер бұрынғы қалпына келтірілді.

Реконструкция жұмыстары толығымен аяқталған үш павильонға былтыр қазан айынан бастап қала әкімдігінің аппараты мен 14 басқармасы орналасты.

Сонымен қатар, Президентке өрттен қатты зардап шеккен №4 павильонда жөндеу жұмыстары жалғасып жатқаны туралы мәлімет берілді. Күмбезді ұстап тұратын қондырғылар мен темір конструкция жоғары температураның әсерінен түгелдей зақымданған. Сондықтан күмбезді толықтай қайта жөндеуге тура келді. Қазір бұрынғысына қарағанда әлдеқайда жеңіл, жаңа конструкция орнатылған. Құрылыс жұмыстарын ақпан айының соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



Алматының Ахуалдық орталығы қала тіршілігінің барлық саласын қамтитын 53 модульден тұрады

• Мемлекет басшысы Алматы қаласының тыныс-тіршілігі туралы жан-жақты ақпарат беретін Ахуалдық орталықты аралап көрді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа қала әкімі Ерболат Досаев аталған орталық Big Data талдауы мен Open Data тұжырымдамасын енгізу негізінде сапалы шешімдер қабылдау үшін тиімді құрал болатынын айтты.



САЛТ-ДӘСТҮР

Кемеңгер жазушымыз Мұхтар Әуезовтің «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген тәмсілі дәл қазіргі уақытқа қаратып айтылғандай. Қазіргі кезде жаһанданумен жарысқан заман көшіне ілесіп, қоғамдағы имандылық, рухани құндылықтарымызды нығайту үшін қарияларымыздың орны ерекше.

Көгенкөз қариялардың ақыл-кеңесі, сөз көмегі ауадай қажет. Өйткені, ұлттық құндылықтарды түгендеп, оны ұрпақ бойына сіңіру үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Сондықтан Медеу ауданының аумағына қосылғанына біршама уақыт болған «Сұлусай» ауылындағы №197 мектеп шаңырағында «Әжелер мектебі» тұсауын кескен еді. Осы уақытқа дейін бұл бастама талай мәрте сөз болғанымен, тәуекелге барып, оны ашуға ешкімнің жүрегі дауалай қоймаған. «Әжелер алқасын» ашу бұрыннан сөз болғанымен, әжелердің басын қосып, оны ұйымдастыру оңай емес еді. Ақыры ұзақ уақыт сөз болған бастама жүзеге асты. Дәл қазір «Сұлусай» ауылында 30-ға жуық әже тұрып жатыр.

– Біз осы әжелердің ішінен ең белсенді, жұмысына тиынақты, іс-шараларға тартынбай атсалысатын 10 әжені іріктеп алған едік. Ондағы ойымыз – көненің көзіндей болған әжелеріміз жас ұрпақ тәрбиесіне атсалысып, қоғамдағы түрлі жағдайлардың алдын алса, бала тәрбиесіне аз да болса көмек қолын созса дедік. Шындығында, қолға алған бастамамыз біз ойлағандай болды. Әжелеріміз ұрпақ тәрбиесіне қолұшын беріп қана қоймай, үлкен мектепке айналды. Ұлттық нақыштағы арнайы киім киіп, түрлі іс-шаралардың өтуіне ұйытқы болды.

Жалпы, ұлттың болашағы жас ұрпаққа берген тәрбиеге байланысты ғой. Кезінде М.Жұмабаев «Тәрбие кең мағынасында алаңда, қандай да болса бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету» деген екен. Ал енді бала тәрбиесіне келсек, дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі, хам құлық тәрбиесі болып бөлінеді. Кез келген ата-ана балам адам болсыншы десе, осы төрт тәрбиені дұрыс орындағаны абзал. Осы ретте біздің «№197 негізгі білім беретін көркемдік-эстетикалық білім және тәрбие беру мектеп-кеңесінің» ұстаздары ұрпақ тәрбиесін, қыз баланың тәрбиесін алдыңғы орынға қойып, ата-ананың сенімінен шығу жолында белсене еңбек етіп жатыр. Соның айқын дәлелі – мектеп жанынан ашылған осы «Әжелер мектебі».

ӘЖЕЛЕР ӘЛЕМІ

«Ұлтыңды сақтаймын десең, қызыңды тәрбиеле»



Тарихқа жүгінсек, Абайдай дананы тәрбиелеген Зередей зерделі әженің ұрпақ тәрбиесінде ролі өте жоғары болды. Өйткені, көргені мен түйгені мол, өрісі кең әжелеріміз қашан да саналы ұрпақ, кемеңгер келешекті тәрбиеледі емес пе? Біздің мақсатымыз – әжелердің өнегелі өмірін үлгі ете отырып, жастарымызды үлкен өмірге үйрету. Халқымызда «бір қызды тәрбиелеу – бір ұлтты тәрбиелеу» деген қанатты сөз бар. Сондықтан мектеп қабырғасынан бастап, қыз баланы қазақтың ұлттық салт-дәстүріне баулып, тіккен шаңырағын ардақтайтын тәрбиелі келін, төзімді ана, қайратты жас етіп тәрбиелеуге үлес қоссақ дейміз. Әсіресе, бұрымды қыздарымызды үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білетін иманды етіп тәрбиелеу – бәрімізге сын. Сондықтан ақ жаулықты әжелер жас қыздарымызға ақыл-кеңес беріп, үлгі-өнеге көрсетіп отыр. Отбасында жауап таппаған сан сауал болса, оны да осы әжелерден алуға болады. Қыздарымыздың болашақта асыл жас, ардақты ана екенін қазірден бастап саналарына сіңіре білсек, ұлт болашағына қосқан аз да болса үлесіміз болар еді, – дейді осы «Әжелер мектебінің» жұмысын үйлестіруші бастауыш сынып мұғалімі Рысқұл Әкімова.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Тұнық САРЫБАЕВА,
№197 негізгі орта мектеп директоры:

«Ұлтыңды сақтаймын десең, қызыңды тәрбиеле» дейді дана халқымыз. Қыз баланың алдында қоғамның, елдің, бүкіл ұлттың жауапкершілігі тұрғанын жастайынан саналарына сіңіріп, әдеп пен сыпайылық, тазалық пен адамгершілік нәрімен сусындатып, ел көшін игілік пен өркендеуге бастайтын жан-жақты, білікті де, білімді қыз бала тәрбиелеу мақсатында жұмыстар атқарамыз деп ойлаймын. «Әжелер мектебінің» негізгі мақсаты – ата-ана мен мектеп арасындағы байланысты нығайтып, әжелердің өнегелі өмірін үлгі ету. Қыз балаларды қазақтың ұлттық салт-дәстүріне баулу, туған жерін, елін және отбасын ардақтайтын тәрбиелі қыз, ардақты ана, қайратты да, сабырлы жан болуға, әсіресе, бұрымды қыздарымызды үлкенге – құрмет, кішіге – ізет көрсете білуге тәрбиелеу.

БАҒДАРЛАМА

МАМАН ТАПШЫЛЫҒЫ
АЛАҢДАТАДЫ

Алматы қаласында бастауыш сынып, математика, орыс тілі пәні мұғалімдеріне сұраныс бар

Елімізде қай салада болсын әлі де кадр тапшылығы сезіліп қалады. Бұл табиғи заңдылық. Мәселен, мектепте мұғалім саны көп десек те, мұнда кадр тапшылығы әлі де бар көрінеді. Дәл қазір, елімізде қай пәннің мұғаліміне сұраныс көп? Қай өңірде кадр тапшылығы байқалады деген мәселелер талқыланып жатыр. Тіпті, кей салада кадр саны мөлшерден артық дайындалып, жас мамандардың дені жұмыссыз жүрсе, енді бір өңірде маман тапшы. Сұранысқа сай маман дайындаудың күн тәртібіндегі үлкен мәселеге айналып отыруы да сондықтан.

Өткен жолы Оқу-ағарту министрлігі білім саласындағы кадр тапшылығын қалай шешіп жатқаны туралы айтты. Нақты мәліметтерге сүйенсек, қазіргі таңда тапшы мұғалім саны – 2817 адамға жетті.

Мәселен, олардың – 1312-сі қалада, 1505-і ауылдық жерде көрінеді. Ал пәндер бойынша ең алдымен математика пәні көш бас-

тап тұр. Бұл пән бойынша – 640, орыс тілі мен әдебиеті – 340, физика – 236, бастауыш сынып – 227, химия – 204, информатика – 199, ағылшын тілі – 169, музыка – 152, тарих – 149, көркем шығарма – 143, география мұғалімдері – 97, биология – 72, қазақ тілі мен әдебиеті – 63, тағы басқа пәндер бойынша – 89 мұғалім тапшы. Сондықтан кадр мәселесін шешу үшін еліміздің 4 облысында – Атырау, Алматы, Маңғыстау және Түркістан облыстарында 2022 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 13 маусымдағы №390 қаулысымен бекітілген арнайы бағдарлама жүзеге асырылып жатыр.

Осы бағдарлама аясында 58 мұғалім жұмысқа орналастырылды. Сонымен, қолға алынып отырған Үкіметтің бағдарламасы 2027 жылға дейін жұмыс істейтін болады. Бұл ретте өңірлерде педагогикалық мамандықтар бойынша мемлекеттік білім грантымен кадрлар даярлауға қаржы ресурстарын бөлу бойынша шаралар қабылданып жатыр.

Маман тапшылығын шешу үшін бұдан өзге де шешімдер қолға алынып, жүзеге асып келеді. Үкімет 2020 жылдан бастап мұғалімдердің жалақысын 2 есеге өсіріп отыр. Бұдан өзге, мұғалімдерге деген қажеттілік мәселесі жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының мамандары мен түлектерінің келуімен де шешіліп жатыр.

ПЛАТФОРМА

«МАНСАП» ОРТАЛЫҒЫ

жұмыссыз жастармен тікелей байланысы бар алаң

Қазір жұмыс іздегендер бірден Алматыға келетін болды. Елімізді былай қойғанда, тіпті шетелдіктердің өздері де Алматыға келіп нәпақасын тауып жүр. Өйткені, олар ірі қалада жұмыс жоқ емес, көп екенін біледі. Нағыз жұмыс істегісі келгендерге, яғни екі қолға бір жұмыс табылады. Дегенмен, осы қалада тұрып, тіркеуі бола тұра жұмыс жоқ дейтіндер де бар.

Біз дәл қазір қаламызда қандай мамандықтар сұранысқа ие екен деген мақсатта, бірнеше жауапты мекемеге хабарласқан едік. Соңғы жылдары қолданысқа енген IT мамандарына деген сұраныс әлі де жоғары болып шықты. Сонымен қатар, сұранысы жоғары мамандар қатарында банк қызметкерлері, SMM-мамандары мен колернершілер де бар.

Сонымен, Алматыда бос жұмыс орындарының ең көбі банк салалары бойынша екен. Бұл сала негізінен call-орталық операторлары мен инженерлерді іздейді. Мамандардың дені – студент-жастар. Өйткені, оқу мен жұмысты қатар алып жүруге болады. Сосын өзекті мамандықтардың ішінде барлық компанияларға SMM менеджерлері мен мобилографтар қажет екен. Осы арада «бұл қандай мамандық, біз білмейміз» деуге болмайды. Жұмыс істеймін деген жастар үшін жауапты мекемелер өзекті мамандықтар бойынша маман даярлау үшін арнайы курстарды іске қосып отыр. Қала өміріне аса қажетті болып табылатын электрлік, дәнекерлеуші, шаштараз, тігінші, маникюр мамандарына да сұраныс жоғары. Қазіргі таңда колернер мамандықтары да сұранысқа ие көрінеді. Қол өнері бұйымдары нағыз табыс көзіне айналған. Ел ішінде де, сыртқы мемлекеттерде де қол өнері бұйымдарына деген сұраныс бар. Ендеше, қиш өнері мамандығы бар жастарға да жұмыс бар.

Сонымен қатар, қазір қаладағы сұранысқа ие мамандықтың бірі – IT мамандары болғандықтан, арнайы курс іске қосылды. Көптеген бос жұмыс орындары осы салаға қатысты болып келеді. Оның үстіне, көбіне бұл бағыт жастарды жоғары жалақысымен де қызықтыратыны жасырын емес. Негізінен, жастардың осы мамандықты игеруге ұмтылатыны да осы болса керек.

– Жастардың дені бұл салада жұмыс істеуге ниет білдіруде, өйткені бұл саладағы орташа жалақы басқа кең таралған салаларға қарағанда көбірек. Сондай-ақ, біз софт-скиллдер бойынша қысқа мерзімді курстарды да іске қостық, – дейді жұмыс берушілер.



Суретті түсірген Самат ҚҰСЫҒЫНОВ.

Қалалық «Мансап» орталығында Jobfair 365 бос жұмыс орындарының цифрлық жәрмеңкесі іске қосылған еді. Жалпы, қалалық мансап орталығы – бұл жұмыс берушілермен, ЖОО түлектерімен және жұмыссыз жастармен тікелей байланысы бар алаң. Мұнда негізінен 18 жас пен 35 жасқа дейінгі жастарды жұмысқа орналастырады.

Алматыдағы аталмыш платформа жұмыс берушілер үшін де, жұмыс іздеушілер үшін де тегін. Мұнда жастар үшін барлық бос жұмыс орындарының тізімі жарияланған. Сондай-ақ, Алматы қаласындағы бос орындар мен іс-шаралар туралы өзекті ақпаратты jasalmaty.kz бірыңғай платформасынан табуға болады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айсара САРИЕВА, генетик:

– Мен ұзақ уақыт жұмыс таппадым. Бірнеше жұмыстың басын шалдым. Әрине, менің білместігім болды. Әйтпесе, жұмыс табуға болады екен. Бір танысым қаладағы «Мансап» орталығына хабарласуға кеңес берді. Ақыры, әлгі мекемемен хабарласып, осы жұмысқа орналастым. Мекеме басшысы алдымен ресепшен қызметін ұсынды. Алғашында «мұндай жұмыс басқа жерде де бар ғой», – деп іштей ренжіжіріп қалдым. Үш айдан кейін өз мамандығым бойынша мені басқа бөлімге ауыстырды. Жақында бір айлық курсқа барып келдім. Қазір көңілім орнында. Өйткені, мен қалаған мамандық бойынша жұмыс табу оңай емес.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.



БІЗДІҢ ҚАЛАНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ

ЖАТАҚХАНА – ЕКІНШІ ҮЙІМ

Алматы мемлекеттік көлік және коммуникация колледжі студенттерінің тыныс-тіршілігі

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Арман жетегімен Алматыға келген жастар оқуға түскен соң, жатын орын іздейтіні заңдылық. Үлкен қалада жақын ағайын-туысыңыз болса жақсы. Болған күнде де олардың өзі жалдамалы пәтерде тұрып жатса, ол екі жаққа да қиын. Ал ешбір туысы жоқ бала қайда барады? Міне, осындайда өзі түскен оқу орнында жатақханасы болса, шалғайдан келген ауыл баласының айы оңынан туды деген сөз.

БАР ЖАҚСЫ БІЗДЕ

Бұл колледждің теміржол мамандарын дайындап келе жатқанына ғасырға таяу уақыт болып қалыпты. Бүгінде 942 студент білім алуда. Көбі ауылдан келген, теміржол саласына қызығатын, осы бағытта білікті маман болып шықсам екен деген арман жетелеп келген жастар.

Колледж түлектері жұмыспен қамту нарығында еркін бәсекелесе алады. Яғни жұмыссыз жүріп қалмайды. Қазақстан Республикасының «Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ филиалдарында табысты жұмыс істеп жүргендері көп. Бүгінгі күні Алматы өңірінің «Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ-ның 11 кәсіпорнымен шарттар жасалған.

Осы уақытқа дейін аталған колледжді 67 мыңнан астам түлек бітіріп шыққан. Оқу орны ҚР-ның Білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде 6 мамандық және 10 біліктілік бойынша мамандар даярлады, модульдік оқытуды және WorldSkills халықаралық қозғалысының кәсіби стандарттарын енгізу бойынша «Талап» КЕАҚ жобаларын жүзеге асырады.

Колледжде «Теміржол көлігі» білім беру бағдарламасын өзектендіру, оқу әдебиеттерін, ОӘК, электрондық оқулықтарды сынақтан өткізуді ұйымдастыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Оқу процесін сапалы ұйымдастыру үшін колледж заманауи техникалармен жеткілікті дәре-

жеде жабдықталған. Міндетті пәндердің сапалы оқытылуы үшін ашылған 32 оқу кабинеті, 13 зертхана, 4 шеберхана (№1 слесарь, №2 слесарь, токарлық, дәнекерлеу цехы) бар.

Дәрістердің жоғары деңгейде өтуі үшін шеберханаларда және зертханаларда заманауи аппараттар қондырылған. Мысалы, заманауи үлгіде жабдықталған тепловоз кабинасында студент өзі отырып, пойыз рельсімен жүріп отырып, бірнеше шақырымды артқа тастайды. Яғни студент кәдімгі теміржолдың үстінде, машинаны өзі жүргізіп келе жатқандай әсерде болады. Қай тетікті қай кезде қалай басқару керек, бағдарламға келгенде қандай тетіктерге не болу қажет, жол үстінде қандай кедергілер кезігуі ықтимал, оларды қалай еңсеруге болады, осының бәрін оқытушының көмегімен көз алдында орналасқан үлкен монитор арқылы басқару пульттерін өзі игеріп, бірнеше шақырым жол жүреді.

Ал басқа студенттер алып кабина сыртында осы әрекеттерді бақылап, олар да өздерінше ой түйіп отырады. Бұл орайда

УПАТС оқу сыныбы; теміржол учаскесінің макеті (9 станция, 24 пойызды қамтитын); ЭЦ-12 тренажерлер кешені (кіру және шығу бағдарламалары бар бірыңғай желіге біріктірілген 8 жұмыс стендісі); МПЦ тренажерларының зертханалық кешені, «НТЦ-23 машина агрегаты» және басқа да зертханалық кешендер жастардың сол салаға толықтай маманданып шығуына қызмет етеді.

Осы ретте студенттерге дәріс беретін оқытушылар Алматы қаласы Білім басқармасының қолдауымен шетелдерде халықаралық тағылымдамалардан өтіп жүргенін айта кетейік.

ЗАМАНАУИ КЕЛБЕТКЕ ИЕ

Мегаполистегі байырғы оқу орындарының бірі саналатын Алматы мемлекеттік көлік және коммуникация колледжінің екі жатақханасы бар. Бірі 177 адамға арналған, ал екіншісінде 117 студент тұрады.

Бытыр күзде колледж іргесінен орын тепкен үш қабатты 177 орынды жатақхана жақсы жөндеуден өтіп, есік-терезесі де, то-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Елдана ДАРХАНҚЫЗЫ, 3-курс студенті:

ДОСПЫЗ. БАУЫРМАЛМЫЗ. КӨПШІЛМІЗ

«Жатақханада тұрмаған студент – студент емес» деген сөз бар. Рас сөз. Бір бөлмеде үш қыз тұрып жатырмыз. Бір құрбым – Қызылорда облысынан, екіншісі – Қапшағайдан. Өзім Алакөл ауданының (Жетісу облысы) перзентімін. Теміржолшылар отбасынан шыққанмын.

Сабақтан соң осы жылы мекенімізге асығып тұрамыз. Біз үшін барлық жағдай жасалған. Міне, қазір ғана ауылдан ет, балық беріп жіберіпті ата-анам. Қуанып тұрмын. Туған жердің ыстық сәлемін сезініп тұрғандаймын. Ата-анамыз артымыздан жиі ақша салып тұрса да, ауылдың дәмі бөлек. Кешке жақсылап ет асып жейтін болдық (күледі). Қалғанын «Ас бөлмесіндегі» тоңазытқышқа салып қоямыз. Онда бейнекамера орнатылған. Сондықтан біреудің тамағын біреудің қолды етіп кетуі деген болмайды.

Жатақханамыз өте жайлы. Жып-жылы. Тап-таза. Аптасына үш рет душ қабылдаймыз. Кір жуамыз десек, үш машина тұр. Жатақхана тазалығына өзіміз де жауаптымыз. Қай бөлмеге кірсеңіз де, дәл осылай бәрі жиналып тұрады. Үлкен бір үйдің балаларындай тату-тәтті тұрып жатырмыз. Жатақхана бізді бауырмал, көпшіл болуға, қиын шақтарда бір-біріміздің қасымыздан табылуға үйретіп жатыр. Мемлекет бізге осындай жағдай жасап отырғанда, біз де соған лайықты болуымыз керек деп ойлаймын. Енді бізге тек жақсы оқу, жақсы маман болып шығып, елге қызмет ету міндеті ғана тұр. Бізге жасалып жатқан еңбектің өтеуін солай қайтарамыз деп ойлаймын.

Ербол МАҒАЗОВ, Алматы мемлекеттік көлік және коммуникация колледжінің директоры:

ТАРИХЫМЫЗ ТҮРКСІБТЕН ТАМЫР ТАРТҚАН



Біздің колледждің бастауы КСРО-дағы ірі құрылыстардың бірі болған Түрксіб теміржолында жатыр. Алғашқы кезде жергілікті халық теміржол құрылысында жер қазу, топырақ тасу сияқты қара жұмысқа жалданды. Қарапайым жұмысшы кәсібіне машықтана бастады. Дегенмен, білікті теміржол мамандарын оқыту қажеттілігі туындады. Сондықтан Түрксіб теміржолының ізін ала 1930 жылғы қазанда Алматы көлік политехникумы ашылды. Ал сол жылдың 7 желтоқсанында жаңадан ашылған оқу орнына қабылданған 150 оқушы үшін алғашқы сабақ күні басталды. Оларға 19 оқытушы ұстаздық етті. Бүгінгі Алматы мемлекеттік көлік және коммуникация колледжі сол техникумның заңды жалғасы.

зығы жеткен жылу жүйесіне дейін жаңарып, қазір студенттер іші жұмыртқадай аппақ үйде тұрып жатыр. Жөндеу жұмыстарына Алматы қаласының әкімдігі 60 млн теңге бөлген болатын. Тиісті қаражат орын-орнымен игеріліп, бүгінде жатақхана мүлдем жаңа келбетке ие болған. Ең бастысы, бүгінгідей қыстың көзі қырауда барлық бөлме ұядай жып-жылы. Тазалық һәм тәртіп табалдырықтан басталады, есіктен кіреберісте күзетшінің алдында үлкен монитордан жатақхананың іші-сырты түгел көрініп тұр, яғни түгел бейнебақылауда. Тәртіп үстемдік етіп тұр.

Үш қабаттың екінші қабатына қыздар, үшінші қабатына ұлдар жайғасқан. Студенттердің сабақтан тыс уақыттағы күнделікті тұрмыс-тіршілігіне қолайлы барлық жағдай жасалған. Тамақ іс-

тейтін газ плиткалары қойылған, тоңазытқыштары да бар ас бөлмесі, кір жуатын машиналар орнатылған арнайы орын, душ қабылдайтын кең бөлме, бәрі бар. Ыстық және суық су ағып тұр. Екі және үш адамға арналған жатын бөлмелерді де аралап көрдік. Терезелерге әдемі перделер ілінген. Керуеттері кең. Ақ сейсеп те оқу орнының есебінен беріледі. Киім ілетін, аяккіімдер қоятын шкафтар бөлек. Еденге төселген кілемше, төсеніштер де бөлмелерге үйдегідей жылылық беріп тұрғандай. Өрине, бұл студенттердің екінші үйі ғой. Жатақханада оқу залы, мәдени іс-шаралар, өзара пікірталасу кештерін өткізетін кең де жарық бөлме де, фойесі де бар. Бәріне бейнекамера орнатылған. Айнала заманауи келбетке ие. Сондықтан да жақсы нәрсенің бәрі көз қуантады.

ТҮЙІН:

Енді биыл екінші, 117 орынды жатақхананы жөндеу басталады. Оған қала әкімдігінің бюджетінен 50 млн теңге бөлінді. Ал одан кейінгі жылы оқу корпусына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі деп отыр колледж басшылығы. Себебі, ұжым мерейтойын лайықты деңгейде атап өткісі келеді. Ол күндер де алыс емес.





● БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ – 100



Суретті түсірген Самал Құсайынов.

атым Қожа» повесі алғашқы атауы «Өзім туралы повесть» деп аталған еді. Кейіннен осы повесть желісі бойынша «Менің атым Қожа» атты кино түсіріледі. Бұл фильм Канн халықаралық кино фестивалінде қазақ киносын әлемге әйгілі етті. Аталмыш фильмнің шыққанына жарты ғасырдан аса уақыт өтсе де, көрерменнің жалықтырған емес. Оны әлемнің 28 елі тамашаласа, шығарманы Ресей, Польша, Чехославакия, Болгария, Франция мемлекеттері өз тілдерінде оқыды.

Жазушыға арналған әдеби кеште «Менің атым Қожа» фильмінде басты рөлді сомдаған Нұрлан Санжар, жазушы Марат Тоқашбаев, ақын Жұмабай Құлиев, ақын Есей Жеңісұлы сөз алып, естеліктермен бөлісті.

Самал Соқпақбаева, ҚР Жазушылар одағының мүшесі, аудармашы:

– Отбасында әкем сондай

«Балалар әдебиетінің бағбаны»

Биыл қазақ әдебиетінің дамуына зор үлес қосқан атақты балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 100 жыл толады. Жазушының ғасырлық тойының алғашқы шарасы қаламыздағы С.Бегалин атындағы кітапханада бастау алып, «Балалар әдебиетінің бағбаны» атты әдеби кеш өтті. Кешке жазушының қызы Самал Бердібекқызы Соқпақбаева қатысып, әкесі туралы естеліктерімен бөлісті.



Рая
ЕСКЕНДІР

Қазақ әдебиетінде өзіндік ізі бар жазушы Бердібек Соқпақбаевтың да балалық шағы қиындықпен өрілген. Тағдырдың тауқыметін тартып, 8 жасында анасынан айырылып, жетімдіктің зарын тартады. Бұл бала Бердібекке өте ауыр тиеді. Жаны жараланады. Бұғанасы қатпаса да, еңбекке ерте жегіледі. Артындағы інісі мен қарындасына қамқор бола жүріп, Алматыға аттанады. Кейін

Мәскеудегі жоғарғы әдебиет курсын бітіреді. Жалпы, Бердібек Соқпақбаев өз шығармашылығын өлең жазумен бастайды. Оның шығармалары «Қазақ әдебиеті», «Балдырған» журналдарында шыға бастайды. Алғаш рет 1950 жылы «Бұлақ» деген жыр шумағымен танылады.

«Балдырғанда» ұзақ уақыт еңбек еткен Бердібек өлеңнен прозаға ауысып, қазақ балалар әдебиетін шыңға көтереді. Әріптестерінің «Шын балалар әдебиеті Бердібектен басталады» деп айтуы да тегін болмаса керек. Бердібек Соқпақбаевтың «Менің

мейірімді кісі болған еді. Кейде жұмыс жасауына кедергі келтірsem, бөлмеден қуып шығатын. Сондай кезде ғана қатқылдау болатын. Әкем мені өзінің туған жеріне, талай мәрте жайлауға апарды. Қонаққа барса, мені өзімен бірге ала баратын. Әкем бильярд ойнағанды жақсы көруші еді. Мәскеуде тұрғанымызда маған велосипед тебуді, суда жүзуді үйретті. Өмірді сүюді үйретті.

Мектепте жүрген кезімнен бастап әкемнің «Чемпион», «Менің атым Қожа», «Балалық шаққа саяхат» сияқты кітаптарын оқыдым. Кинода Қожаның мұғалімнің сөмкесіне құрбақа салып жіберетін жері бар ғой. Мен осы сәт туралы сұрағанымда, әкем: «иә, мен дәл осылай еткен едім» деп айтқан еді. «Менің атым Қожа» да, «Балалық шаққа саяхат» та әкемнің шынайы өмірі. Аударма саласында алғаш рет әкемнің «Менің атым Қожа» кітабын аудардым.

● МИНИСТР



ПРЕЗИДЕНТТІК СЫЙЛЫҚ

Қазақстанның жас жазушылары мен ақындары Президенттік әдеби сыйлыққа ие болды.

Алматыда өткен салтанатты іс-шарада Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева жас жазушылар мен ақындарға Президенттік арнаулы әдеби сыйлықты табыс етті. Іс-шараға белгілі ақындар мен жазушылар, мәдениет қайраткерлері қатысты, деп хабарлайды ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі.

Министр мемлекет тарапынан еліміздің ақын-жазушыларының туындыларын басып шығару арқылы оларға белсенді түрде қолдау көрсетілетінін айтты. Жыл сайын қоғамдық маңызы бар кітаптарды сатып алу, басып шығару және тарату бағдарламасы бойынша қаламгерлердің кітаптары жарық көреді. Соңғы екі жыл ішінде үш жүзден астам жаңа туынды төл әдебиетіміздің қорын толықтырды. Ел мәдениетінің дамуына қосылған құнды үлес деп танылған әдебиет пен өнер саласындағы үздік шығармалар үшін Абай атындағы Мемлекеттік сыйлық пен «Айбоз» ұлттық әдеби сыйлығы беріледі.

2023 жылы жас қаламгерлерге мемлекеттік қолдау көрсету, дарынды ақын-жазушылардың жаңа буынын қалыптастыру мақсатында тұңғыш рет Президенттік арнаулы әдеби сыйлық тағайындалды. Әдеби сыйлық 18–35 жасқа дейінгі қаламгерлерге арналған.

Авторлар бұған дейін халықаралық және ұлттық байқауларға қатыспаған өз шығармаларын ұсынып, барлығы 53 өтінім қабылданды. Оның ішінде «Балалар әдебиеті» номинациясына – 17, «Драматургия» номинациясына – 9, «Поэзия» номинациясына – 13, «Проза» номинациясына – 14 үміткер бар. Өтінімдердің барлығы жіті қаралып, шығарманың көркемдік деңгейі арнайы сараптамадан өтті.

Аида Балаева «Қазақстанның жас жазушылары мен ақындарына арналған Президенттік арнаулы әдеби сыйлықтың лауреаты» атағының иегерлеріне арнайы дипломдар мен төсбелгілер және ақшалай сыйлықтар табыс етті.

«Проза» номинациясы бойынша Жылқыбай Досханның «Квант» туындысы, «Поэзия» номинациясы бойынша Еділбек Дүйсеновтің «Қалалық құстар» өлеңдер топтамасы, «Драматургия» номинациясы бойынша Айтолқын Ашимованың «Тау көтерген Толағай» драмалық туындысы, «Балалар әдебиеті» номинациясы бойынша Олжас Қасымның «Атың озсын, азамат!» топтамасы жүлделі орынға ие болды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ЕШКІМ МӘЖБҮРЛЕЙ АЛМАЙДЫ

Су есептеу құрылғыларын ұсынатын компаниялар қаптап кетті

Үйіңіздегі краннан ағып тұрған суыңыздың сапасы қандай? Қазір осындай сауалмен үй-үйді аралап, түрлі су сүзгіш құрылғыларын ұсынып жүрген компаниялар қаптап кетті. Осы азаматтар сіздің де есігіңізді қаққан болар? Бұдан өзге суды үнемдеуге мүмкіндік беретін түрлі құралдарды жарнамалап келетіндер де қаншама?



Мәншүк
БЕКБОСЫН

Соңғы уақытта тұрғындардың айтуынша, белгісіз біреулер су есептеу құралының да ескіргенін айтып, ертерек ауыстыруға мәжбүрлейтін көрінеді.

«Алматы Су» мекемесінің қызметкерлері есептеуіш құралын ауыстыру керектігі туралы ақпаратты телефонмен хабарламайтынын мәлімдейді. Мұндай ақпарат коммуналдық төлем түбіртегінде ғана көрсетіледі. Сондықтан есептеуіш құралын ауыстыру керектігін айтып, хабарласқан адамдар болса, ең алдымен «Алматы Су» мекемесіне қоңырау шалып, ақпаратты анықтап алу қажеттігін ескертеді. Өйткені, бүгінде су есептеуіш құралын ауыстыру қызметімен айналысатын жеке компаниялар мен фирмалар көп.

«Алматы Су» мекемесінің мамандары тұтынушыларға есептеу құралын тексеру уақыты құралдың паспортында жазылғандығын ескертеді. Сонымен қатар, ауыстыру уақыты жетпей тұрып, «Алсеко» АҚ квитанцияларында да су есептеуіштерін ауыстыру қажеттігі ескертіледі. Есептеу құралын



Суретті түсірген Самал Құсайынов.

ауыстырып, тексеруге осы қызметпен айналысуға рұқсат беретін лицензиясы бар компаниялар ғана құқылы. Сәйкесінше, олар де-

монтаждау, болмаса монтаждау актісінің көшірмесін тұтынушыға қалдыруға міндетті екен.

● АНЫҚ-ҚАНЫҒЫН БІЛЕСІЗ БЕ?

– Жеке су есептеуіш құралын тексерту міндетті ме? Есептегіш жақсы істеп тұрса, оны ауыстыру немесе тексерту қаншалықты қажет?

– ЖЕҚ-ны мезгіл-мезгіл тексеріп отыру керек. Есептегішті тексеру немесе ауыстыру бойынша талаптарды міндетті түрде орындау қажет. Егер құрылғының өндіруші көрсеткен пайдалану мерзімі аяқталған болса, коммуналдық қызмет су тұтынуды көрсеткіштермен емес, норма бойынша және пәтердегі тұрғындар санына сәйкес есептеуге құқылы.

– ЖЕҚ-ның орнатылғанын қандай құжаттар растайды?

– Лицензияланған ұйым берген ЖЕҚ-ның паспорты мен ЖЕҚ-ны орнату (монтаждау) актісі.

– Егер апатты жағдай орын алып, су ағып кетсе, есептеу құралындағы пломбаны алып тастауыма бола ма?

– Тұтынушының пломбаны өз бетінше алып тастауына қатаң тыйым салынады. Пломба алынған жағдайда «Алматы Су» МКК суық су қызметі үшін төлемді толық көлемде алады. Сол себепті, артық шығын-

ды болдырмау үшін пломба орнатуға дереу өтініш беріп, «Алматы Су» МКК өкілін күту керек.

– МИБ (мүлік иелерінің бірлестігі) өкілі ЖЕҚ-ны пломбалай ала ма?

– МИБ өкілі тек төтенше жағдай кезінде ғана есепке алу құралының пломбасын шешіп, сол бойынша акт толтырып, есептеу құралындағы соңғы көрсеткішті тіркей алады. Бұл тек жеке тұлғалардың есептеу құралына ғана тиесілі.

– Пломба алынып қалған жағдайда не істеу керек?

– Егер пломба жұлынып қалса, дереу 3 -777-444 нөмірі бойынша «Алматы Су» МКК-не хабарласу керек. Аталған мекеме өкілдері мән-жайды анықтап, тексеріп, қайта пломба салады.

– Пломба неше күнде орнатылады?

– Жеке тұлғаларға (пәтер, жеке үй) – 15 күн ішінде.

– Пломбаны қайта салу қызметі ақылы ма?

– Су есептеу құралына қайта пломба салу қызметі тегін.

– Жалпы есептеу құралы кімнің есебінен тексеріледі?

– ЖЕҚ-ын тұтынушы өз қаражатына тексертеді. Суды есепке алу құралын мемлекеттік тексеруді уәкілетті органның аккредитациясы бар ұйымдар жүргізеді. Бүгінде Алматыда осындай бірнеше ұйым бар. Мемлекеттік лицензия негізінде есептеу құралын орнату және ауыстырумен айналысатын ұйымдардың тізімі «Almatysu.kz» сайтында бар.

– Есептеу құралын шешпей тексеруге бола ма?

– Әрине, егер аккредиттелген ұйымның тиісті жабдығы болса, есептеу құралын шешпей тексерсе алады.



САУАЛНАМА

ВЕЙП және «КӘЙІП»

Алматылық жастардың 80,5%-ы «тәтті» түтінге елітіп жүр

Қоғамның дертіне айналған электронды вейп өнімдерін қолданушылар тым «жасарып» барады. Қазақстандық жасөспірімдердің 80%-ы денсаулыққа зиян осы әдетке тым әуес көрінеді. Соның ішінде алматылық 21 жасқа дейінгі жасөспірімдер мен жастардың 80,5%-ы вейп түтініне елітіп алғаны белгілі болған. Бұл туралы «Қазақстан балалар қоры» қоғамдық қорының өкілдері мәлімдеді.

Ернұр
РЫСБАЙ

Электронды шылым – улы қоспалардан және никотиннен тұратын зат. Кәдімгі темекіден өзгешелігі – оған адамға жағымды әсер ететін түрлі дәм қосылған. Ал бір вейптің ішінде болатын никотин мөлшері 80 дана темекімен теңеседі. Бірақ жасөспірімдер оны жағымсыз иісі болмағандықтан зияны аз деп ойлап жүр. Алайда, кәдімгі темекіге қарағанда тез еліктіріп, өзіне жіпсіз байлап-матап, тәуелді етіп қояды. Сонымен қатар, кез келген жерде қолдана алады. Осы орайда жасөспірімдер арасында сауалнама жүргізіп көрдік.

ҚАЗЫНА, 14 жаста:

«ДӘМІ ТАҢДАЙЫМДА ӘЛІ ТҰР»

Электронды шылымды пайдаланып жүргеніме екі жылға жуық уақыт болды. Бастапқыда жоғары сыныпта оқитын қыздардың қолданып жүргенін әжетханадан байқадым. Сол сәтте қызығушылығым пайда болды. Арада бірнеше күн өткен соң сыныптағы ұлдардың қолынан көріп қалдым. Сұрап алып тартып көрдім. Дәмі таңдайымда әлі тұр. Құлпынайдың дәмі қосылған екен. Аздап басым айналды, бірақ қатты ұнады. Ұлдардан сұрап алып бірнеше күн тартып жүрдім. Сосын өзім сатып аламын деп шештім. Қайдан алуға болатынын сұрағанда, мектепке қарама-қарсы дүкенде бар екен. 21 жаста болмаған соң сатпайды деген қорқынышым болып еді. Бірақ еш кедергісіз сатты. Осылайша вейпсіз өмір сүре алмайтындай

тәуелділік пайда болды. Кем дегенде үш сағат қана шыдай аламын. Одан кейін ашушаң боламын немесе көңіл күйім түсіп кетеді. Қазір апта сайын жаңасын сатып аламын. Зиян екенін білемін, бірақ қатты тәуелділік бар. Қоя алмайтын сияқтымын.

ЖАЛҒАС, 18 жаста:

«ЕШКІМГЕ ҚҰЛАҚ АСПАЙМЫН»

Осы жасқа дейін бір рет болсын темекі шеккен емеспін. Алайда, электронды вейптің зияны жоқ деген ойдамын. Денсаулығымда ешқандай ақауды байқамадым. Әрдайым қолымда жүреді, үйде ұмытып кетсем, өзімді біртүрлі сезінемін. Бір нәрсе жетіспей тұрғандай. Туған інім де қолданады. Ешқандай қарсылығым жоқ. Себебі, өз өмірі – өзі біледі. Ата-анам қолданып жүргенімді көріп, талай ұрысты. Алайда, зиян емес екенін түсіндіре алмай-ақ қойдым. Достарым да зиян дейді. Олардың сөзіне құлақ аспаймын. Меніңше, несімен зиян екенін өздері де білмейді. Мектеп кезінен бері қолданамын. Кез келген дүкеннен сата береді. Ешқандай тексеріс жоқ. Кейінгі кездері кеуде тұсым кішкене ауыратын болған.

● ТҮЙІН:

Міне, жас достарымыз осылай дейді. Жалпы, денсаулығымыз бізге берілген аманат екенін ұмытпағанымыз жөн-ау. Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздейік. Ал ата-ана, балаңызбен осы тақырыпта сөйлесесіз бе? Айтпақшы, осы бет қатталып жатқанда, елімізге вейп өнімдерін әкелуге және сатуға мүлдем тыйым салынғаны туралы ресми ақпарат тарады.

Электронды шылымнан ба деп қоямын. Бірақ вейпті тастайтын ойым жоқ. Ол менің өмірімнің бір бөлшегіне айналып кеткендей. Өз «кайфым» өзімде!

ІҢКӨР, 15 жаста:

«ӨЗ-ӨЗІМДІ ЖЕҢДІМ»

Электронды шылымды қойғанымда үш айдай уақыт болды. Бір жылға жуық уақыт тартып жүрдім. Алғашында бәрі қызығушылықтан туындады. Көресің, қызығасың, қолданасың. Сонымен қалайша әдет болып қалғанын байқамай қаласың. Есімде, сол бәлені алу үшін ата-анамды алдап ақша сұрап алатынмын. Ақша таппаған кезімде асханаға деп берген ақшаны жинайтын болдым. Никотинге тәуелділік деген қиын болады екен. Сөйтіп жүріп тамағым қышуды бастады. Вейптің дәмі аузымда қалып кететін. Көп түкіретін болыппын. Өзімді әлсіз сезініп, үнемі шаршап жүретін болыппын. Осының бәріне себепкер электронды шылым екенін түсініп, тастауға бекіндім. Бастапқыда қиын болады. Қатты тартқым келетін. Шыдадым, тырыстым. Соның арқасында өз-өзімді жеңіп, тастап кеттім. Қазір ойласам, өзімді өлтіретін нәрсені ақшаға сатып алған екенмін.

СӘТТІ ОТА

Алматылық дәрігерлер жас жігіттің көзіне абайсызда кіріп кеткен металл сынығын алып тастап, көзін сақтап қалды.

КӨЗІНЕ ТЕМІР КІРІП КЕТКЕН

Орталық қалалық клиникалық аурухананың қабылдау бөліміне түскен, көз алмасы жарақаттанған наукастың айтуынша, көзіне жиһазға арналған құрылғының темірі кіріп кеткен.

Офтальмология бөлімшесінің меңгерушісі Гүлзат Абдраймова мұндай жарақат көз алмасының жыртылуына, көз линзасының ығысуына, катаракта, глаукомаға, көздің шыны тәріздес қабатына қан жиналуы немесе тордың зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Дәрігерлер көздің ішіндегі бөгде затты шығарып алу үшін операция жасады.

«Ота сәтті өтіп, наукастың көру қабілеті толықтай сақталды. Көзге кірген бөгде затты алып тастаған соң, біз науқас көзінің торлы қабатына лазерлік коагуляция жасадық. Себебі, отадан кейін науқаста көздің көру қабілеті төмендеп кету қаупі болды», – дейді дәрігер.


Алматының Орталық қалалық клиникалық ауруханада мұндай отаны жасау үшін заманауи құрылғылар бар, олар түрлі дәрежедегі көз ауруын емдеуде озық нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді дейді мамандар.



● ҚЫЗЫҚ ЕКЕН

КӨЗДІ АШЫП ТҰРЫП ТҮШКІРУ
МҮМКІН ЕМЕС

- Жағымды заттарды көргенде адамның қарашығы 45 пайызға дейін ұлғаяды екен.
- Адам көзінің көлемі туғанда қандай болса, қартайғанша сол қалыпты сақтайды, ал құлақ пен мұрын өсуін тоқтатпайды.
- Көз миға сағат сайын талай ақпарат беріп отырады.
- Біздің көзіміз 1 секундтың ішінде шамамен 50 затты көре алады.
- Әрбір кірпік көзде шамамен бес ай тұрады.



● КҮН ТӘРТІБІНДЕ

ОБЫР – ҮКІМ ЕМЕС

Алматы онкологиялық орталығында 31 мыңнан астам пациент тұр

Кеше Алматы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте онколог-мамандар қатерлі ісік ауруларының өзектілігін тағы да атап өтті. Бұл – алматылықтарды ғана емес, бүкіл адамзатты алаңдатып отырған кесел. Сондықтан күн тәртібінен түспек емес.

Алматы онкологиялық орталығының директоры Нұрсұлтан Ізбағамбетовтің сөзіне сүйенсек, былтыр рак дертіне шалдыққан 5491 пациент жаңадан есепке алынған. Олардың 16,2%-ы (890 науқас) біздің мегаполиске басқа өңірлерден келіп тіркелген. Сол 890 пациенттің 125-інде (14,0%) ауру асқынған кезеңде анықталған. Ал жалпы, қазіргі күні Онкоорталықта есепте 31866 адам тұр (2022 жылы 29439 науқас болған). Демек, аурулар саны өскен. Бірінші орында – сүт безі обыры, екіншіде – колоректалды қатерлі ісік, үшіншіде – өкпе рагы, ал төртінші орында қуықасты безінің обыры тұр.

«Қатерлі ісікті ерте сатысында анықтау үшін республикада жатыр мойны обыры, сүт безі және тоқ ішек обыры бойынша скринингтік бағдарламалар жұмыс істейді. 2023 жылдың қорытындысы бойынша скрининг кезінде қатерлі ісіктің 298 жағдайы анықталды. Барлық пациент мамандандырылған ем-доммен қамтылған», – дейді Нұрсұлтан Ізбағамбетов.

Өткен жылы Алматының онкологиялық орталығында 22576 науқас емделді. Хирургиялық бөлімшелерде 2681 хирургиялық ота жасалған. Бұл ретте операциялардың 55%-ы аз инвазивті әдістермен жүргізіледі.

Брифинг барысында Алматы онкологиялық орталығының онкогинекология бөлімшесінің меңгерушісі Райхан Болатбекова осы айда жатыр мойны обырының алдын алу айлығының жүріп жатқанын хабарлады. Айта кетейік, 2020 жылдың қарашасында ДДҰ-ның жатыр мойны обырын жоюды жеделдету жөніндегі жаһандық стратегиясы қабылданған болатын. Жатыр мойны обыры – бұл алдын алуға болатын жалғыз қатерлі ісік.

«Елімізде жатыр мойны обыры тақырыбы денсаулық сақтау саласында өзекті болып отыр. Жыл сайын осы диагнозбен 1900-ден астам адам анықталады. Сондай-ақ, осы аурудан 600-ге жуық өлім-жітім тіркеледі. Өкінішке қарай, 20–30 жас аралығындағы жас әйелдерде жатыр мойны обыры жиі тіркеледі», – дейді Райхан Болатбекова.

Дәрігер биылғы күзде еліміздегі мектептерде 11 жастағы қыздарға адам папилломавирусына (АПВ) қарсы тегін екпе салынатыны туралы хабарлады. Оның айтуынша, ДДҰ 2030 жылға қарай 15 жасқа дейінгі жасөспірім қыздардың кем дегенде 90%-ын АПВ-ға қарсы егуді ұсынып отыр. Бұл осы кеселмен ауыру және өлім-жітім көрсеткішін едәуір азайтады деген болжам бар. Аталған вакцинаны ДДҰ өкілдері қауіпсіз және тиімді деп ресми мақұлдады.

Биыл күзде Алматыда да осы екпе салына бастайды. Әрине, бәрі оқушының ата-анасының келісімімен жасалады. Бұл болашақта балаларды қатерлі дерттерден ертерек сақтау үшін жасалып отырған қадам дейді мамандар. Дәрігердің айтуынша, қатерлі ісік қаупі жоғары папиллома вирусы жатыр мойны обырының дамуының негізгі этиологиялық факторы болып табылады. 97% жағдайда жатыр мойны обыры осы вируспен байланысты. Созылмалы вирус белгілі бір жағдайларда жатыр мойны обырының дамуына әкелуі мүмкін.

Бір ғана Алматының өзінде былтыр жатыр мойны обыры диагнозымен 223 әйел анықталды. Жалпы, Алматы онкологиялық орталығында осы аурумен есепте 2522 әйел тұр.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Г.СӘБДЕНБЕКОВА, онкоесепте тұрған көпбалалы ана:

«АЛҒАШЫНДА ҮРЕЙГЕ БОЙ АЛДЫРДЫМ...»

Жатыр мойны обырына шалдыққанымда үш жылға жуықтады. Дәрігерлердің бақылауында тұрмын. Менің кеселім қайта ертерек анықталды. Иә, алғашында естігенімде, «біттім, өлдім» деген үрейге бой алдырып, өз-өзімді тастап жібердім. Тіпті, балаларыммен қоштасқан кездерім де болды. Бірақ өмір сондай тәтті ғой. Өмірді де, көзге көрінген балаларымды да қимайсың. Маған жүзетей қараған балаларыма қарап, өз-өзімді қайрадым. «Сен осылар үшін өмір сүруің керек! Олардың адам болғанын, үйленгенін, қуаныштарын көруің керек!», – дедім. Екі нығы қушынып, еңсесі түсіп кеткен күйеуімді де көріп, есімді жидым. Оның үстіне, емдеуші дәрігерім мені көп жігерлендірді. Бұл кеселдің үкім емес екенін, жазылуға болатынына сендірді. Негізі, жақсы ой ойлау керек екен. Бәрін басқаратын – ми. Жақсылық жақсылықты шақырады. Мен қазір өзімді жақсы сезінемін. Маған балаларым шабыт береді. Осындай диагнозы бар жандарға өмірдің әр сәтінен жақсылық іздеп жүріңіздер дегім келеді. Мен ем-домға барғанда асқындырып келген әйелдерді жиі кездестіремін. Сондықтан мемлекет бізге тегін ұсынып отырған скринингке бей-жай қарамаңыздаршы деймін.

P.S.

Қазақстан Республикасында қатерлі ісікті ерте кезеңінде анықтауға арналған Ұлттық скринингтік бағдарлама іске қосылған. 30–70 жас аралығындағы әрбір әйел Алматы емханаларында да жатыр мойны обырына тегін тексеріле алады. Алматылықтар мен қала қонақтарын ертең, яғни 27 қаңтарда сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін Алматы онкологиялық орталығында онкогинеколог тегін қабылдап, жан-жақты кеңес береді.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 23 қаңтардағы №1/1-18 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2020 жылғы 26 маусымдағы №16 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Төле би көшесін ұзарту үшін Яссауи көшесінен қала шекарасына дейін орналасқан Наурызбай аудандағы жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 23 қаңтардағы
№1/1-18 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуда жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Хаматова Галия Халитовна	20-322-002-1199	«Шұғыла» шағынауданы, Өшірбек Сығай көшесі, 52	0,1000
2	Аулисынов Азатган Аутович	20-322-003-005	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қыдырбеков көшесі, 2 Г	0,0626
3	Шамшидинова Гульнара Нығатаевна	20-322-003-012	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қыдырбеков көшесі, 2 А	жалпы-0,1267 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0098
4	Захрутдинов Салават Рустамович	20-322-003-017	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қыдырбеков көшесі, 3	0,0996
5	Абельмажинов Ораз Ахметович	20-322-003-027 20-312-948-105	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қыдырбеков көшесі, 2	жалпы-0,1696 үлесі-0,1302
6	Демесинов Рахметулла Кумарович	20-322-003-027 20-312-948-105	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қыдырбеков көшесі, 2	жалпы-0,1696 үлесі-0,0394
7	Мадиев Даурен Даулетович	20-322-003-046	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қыдырбеков көшесі, 2 Б	0,1090
8	Шадрина Наталья Николаевна	20-322-003-057	«Қалқаман-2» шағынауданы, Бегалиев көшесі, 2	0,1000
9	Алданазаров Спандияр Шакирбекович, Баймбетова Элиха Испанқызы	20-322-003-085	«Қалқаман-2» шағынауданы, Бегалиев көшесі, 4	0,1563
10	Абасов Асхат Азатович	20-322-003-118	«Қалқаман-2» шағынауданы, Молдабеков көшесі, 2/3	0,0834
11	Абенов Сағадат Абдиқаримович	20-322-003-122	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қыдырбеков көшесі, 1 А	0,0949
12	Дырылдаев Жаныбек Сабырович	20-322-003-174	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қыдырбеков көшесі, 2/3	0,0820
13	Нұржанұлы Нұркенже	20-322-003-178	«Қалқаман-2» шағынауданы, Айбергенов көшесі, 36	0,1000
14	Ахметов Жанарыс Түребекович	20-322-003-180	«Қалқаман-2» шағынауданы, Айбергенов көшесі, 49	0,0847
15	Медеубаева Гульзира Бактыбекқызы	20-322-003-186 20-312-951-077	«Қалқаман-2» шағынауданы, Айбергенов көшесі, 38 А	жалпы-0,1054 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0209
16	Дусембаев Талгат Нурмушович	20-322-003-189	«Қалқаман-2» шағынауданы, Бегалиев көшесі, 1 А	0,0867
17	Абдиманапова Перизат Бахытовна	20-322-003-195	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қыдырбеков көшесі, 15/30	0,0855
18	Темешов Альбек Самигулович	20-322-003-202	«Қалқаман-2» шағынауданы, Айбергенов көшесі, 51	0,0801
19	Батилдаев Еркінбек Абдихалиевич	20-322-003-204	«Қалқаман-2» шағынауданы, 15/25	0,0884
20	Канагатов Гульнара Мұхаметқалиевна	20-322-003-212	«Қалқаман-2» шағынауданы, 15/33	0,1000
21	Өтебай Айтқажы	20-322-003-224	«Қалқаман-2» шағынауданы, Айбергенов көшесі, 30	0,0991
22	Амантай Диас Қайратұлы	20-322-003-225	«Қалқаман-2» шағынауданы, Бегалиев көшесі, 1 Б	0,0967
23	Бердыбеков Арман Валиханович	20-322-003-231	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қыдырбеков көшесі, 2/4 Б	0,2000
24	Дарибаев Ермахан Батырханович	20-322-003-234	«Қалқаман-2» шағынауданы, Айтбаев көшесі, 42	0,1000
25	Сарсекова Лаззат Ашимовна	20-322-003-235	«Қалқаман-2» шағынауданы, Айтбаев көшесі, 44	0,1000
26	Мажақеева Алмагуль Арыновна, Мажақеева Асель Хасенқызы, Айтмұхамет Қалмұрат Хасенұлы	20-322-003-240	«Қалқаман-2» шағынауданы, Айбергенов көшесі, 34	0,1000
27	Шакаров Рысбай Айтқалиевич	20-322-003-242	«Қалқаман-2» шағынауданы, Айбергенов көшесі, 32	0,1600
28	Нурмаханов Казбек Тенизбекович	20-322-003-258	«Қалқаман-2» шағынауданы, Айбергенов көшесі, 43	жалпы-0,0941 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0047

29	Абдиқадыров Сабырбек Касымович	20-322-003-278	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қыдырбеков көшесі, 2/7	жалпы-0,0908 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0048
30	Ерандаева Кристина Александровна, Чернякова Анна Александровна	20-322-003-290	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қыдырбеков көшесі, 1 Б	0,0700
31	Чувашов Михаил Александрович	20-322-003-294	«Қалқаман-2» шағынауданы, Айбергенов көшесі, 53	0,1000
32	Бисүгірова Арайлым Мәлікқызы	20-322-003-308	«Қалқаман-2» шағынауданы, Бегалиев көшесі, 1	0,0789
33	Артықбаева Алия Сайлаубековна, Артықбаев Алмаз Кемелжанович	20-322-003-309	«Қалқаман-2» шағынауданы, Бегалиев көшесі, 1/1	0,1200
34	Коспанова Гульжан Игнбаевна	20-322-003-315	«Қалқаман-2» шағынауданы, Айбергенов көшесі, 55	0,0905
35	Шағаева Жанна Сұлтанқызы, Шағаев Азамат Тілекулы	20-322-003-339	«Қалқаман-2» шағынауданы, Айбергенов көшесі, 38	0,0880
36	Омирбеков Жанболат Нурбекович	20-322-003-347	«Қалқаман-2» шағынауданы, Бегалиев көшесі, 2 А	0,0799
37	Аскарова Дидар Адамғалиевна	20-322-003-352	«Қалқаман-2» шағынауданы, Бегалиев көшесі, 2 Б	0,0935
38	Марсалиев Жаксылық Умирбекович	20-322-003-358	«Қалқаман-2» шағынауданы, Айтбаев көшесі, 50	0,0600
39	Тарасевич Надежда Николаевна	20-322-003-363	«Қалқаман-2» шағынауданы, Молдабеков көшесі, 2/2	жалпы-0,1000 үлесі-0,0500
40	Садыкова Анна, Садыков Азиз Масутович	20-322-003-363	«Қалқаман-2» шағынауданы, Молдабеков көшесі, 2/2	жалпы-0,1000 үлесі-0,0500
41	Кадирова Кантай Қурманбаевна	20-322-003-366	«Қалқаман-2» шағынауданы, Айбергенов көшесі, 45	0,0853
42	Мухитова Зинакул Абдихалеловна	20-322-003-384	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қыдырбеков көшесі, 1/2	0,0841
43	Керимов Сұлтан Кайсарович, Жунусова Жанара Сериковна	20-322-003-393	«Қалқаман-2» шағынауданы, Айтбаев көшесі, 46	0,0645
44	Нурдибекова Меруерт Асетовна	20-322-003-625	«Шұғыла» шағынауданы, Сұраншы батыр көшесі, 84	жалпы-0,0800 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0069
45	Халыкова Гульпархан Дауытовна	20-322-003-676	«Қалқаман-2» шағынауданы, Айтбаев көшесі, 54 учаске	0,0996
46	Дулатбаев Ердос Бағашарович	20-322-003-689	«Қалқаман-2» шағынауданы, Айтбаев көшесі, 52 учаске	0,0100
47	Тугайбаев Еркін Серикович	20-322-003-690	«Шұғыла» шағынауданы, Жуалы көшесі, 81/7	0,1000
48	Усманова Русиям Исмамовна, Шарифбаев Юсупжан Салыевич	20-322-004-591	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 3 А, 1 пәтер	жалпы-0,0400 үлесі-0,0028
49	Тағаева Айнуір Амировна	20-322-004-591	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 3 А, 2 пәтер	жалпы-0,0400 үлесі-0,0028
50	Силантьев Игорь Юрьевич	20-322-004-591	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 3 А, 3 пәтер	жалпы-0,0400 үлесі-0,0028
51	Ғани Әлиби Ниятбайұлы, Пулатова Нұрбану Худайбергеновна	20-322-004-591	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 3 А, 4 пәтер	жалпы-0,0400 үлесі-0,0021
52	Какимжанова Алина Адилевна, Бедрик Владимир Петрович	20-322-004-591	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 3 А, 5 пәтер	жалпы-0,0400 үлесі-0,0029
53	Шоймбаев Болат Мелисович, Салакчинова Улжан Станбековна	20-322-004-591	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 3 А, 6 пәтер	жалпы-0,0400 үлесі-0,0029
54	Борбасова Шынар Сайыновна	20-322-004-591	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 3 А, 7 пәтер	жалпы-0,0400 үлесі-0,0028
55	Байғазиева Акерке Қуандықовна	20-322-004-591	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 3 А, 8 пәтер	жалпы-0,0400 үлесі-0,0031
56	Самойленко Альбина Николаевна	20-322-004-591	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 3 А, 9 пәтер	жалпы-0,0400 үлесі-0,0031
57	Дюсупова Бахытгуль Мусаевна	20-322-004-591	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 3 А, 10 пәтер	жалпы-0,0400 үлесі-0,0030
58	Дауырова Эльмира Тайыржанова, Нуржанов Асылбек Ибрагимович	20-322-004-591	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 3 А, 11 пәтер	жалпы-0,0400 үлесі-0,0024
59	Карбаева Қалдыкыз	20-322-004-591	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 3 А, 12 пәтер	жалпы-0,0400 үлесі-0,0031
60	Альхамжанова Лаура Муратовна	20-322-004-591	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 3 А, 13 пәтер	жалпы-0,0400 үлесі-0,0031
61	Баязитова Ляззат Чайбаевна, Баязитов Нурлан Калибекович	20-322-004-591	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 3 А, 14 пәтер	жалпы-0,0400 үлесі-0,0031

Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 23 қаңтардағы №1/1-19 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы қалалық Мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 11 қаңтардағы №34.1-34/40-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жалпыға ортақ пайдаланылатын жол үшін «NC 16» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Алматы қаласының Алатау ауданы, «Ғажайып» шағынауданы, 5/17 учаске мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-321-044-334) ауданы – 8,2249 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иесі (жер пайдаланушы) жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін (жер пайдаланушыны) ескертсін және жер учаскесі меншік иесіне (жер пайдаланушыға) өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін Алматы қаласы қалалық Мобильділік басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ! «Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)

1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 6 айға – 3216,72 теңге, 10 айға – 5361,20 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)

1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 6 айға – 4416,72 теңге, 10 айға – 7361,20 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 6 айға – 2016,72 теңге, 10 айға – 3361,20 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!

«Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді [Post.kz сайты](https://post.kz) арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Алматы ақшамы» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет [Post.kz](https://post.kz)-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет 24/7 қолжетімді.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Қайрат Мұсақұлов – 60 жаста



Qazaqstan ұлттық телеарнасы Ақпараттық-сараптамалық бағдарламалар қызметі директорының орынбасары – Жедел және саяси жобалар бөлімінің жетекшісі Қайрат Мұсақұлов 60 жасқа толды.

40 жылға жуық уақыттан бері «Қазақстан» телерадиокорпорациясында қызмет етіп келе жатқан Қайрат Жанатұлы – өз ісінің маманы. Әр жылдары редактор, комментатор-жүргізуші, саяси шолушы, Жаңалықтар қызметінің жүргізушісі, Қазақ радиосының Бас редакторы, аймақтық «Semei» телеарнасының директоры қызметтерін атқарды. Әріптесіміз Қайрат Жанатұлы Мұсақұловты 60 жасқа толған торқалы тойымен құттықтап, мерейтой иесіне зор денсаулық және шығармашылық табыстар тілейді!

«Alatau Aqparat»
медиахолдингінің ұжымы.

Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 2023 жылға атқарған жұмыстары

Ағымдағы жылы Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті (бұдан әрі – Департамент), білім беру жүйесінде бақылау іс-шараларын жүргізу шеңберінде жұмыс істемейтін қызметкерлерге жалақы есептеу арқылы бюджет қаражатын ұрлау түріндегі өрескел бұзушылықтарды анықтады.

Аудиторлық тексеріспен Алматы қаласы Білім басқармасының №192 жалпы білім беретін мектебінде жалпы сомасы 62 160,3 мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталды.

Мәселен, аталған білім беру мекемесі жалақы бойынша төлемдерді жүргізу, есептеу және төлеудің дұрыстығын регламенттейтін нормативтік-құқықтық актілердің талаптарын, Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының талаптарын сақтамаған.

Бұдан басқа, білім беру мекемесі 2020–2023 жылдар кезеңінде нақты жұмыс істемеген уақыт үшін ақшалай қаражатты негізсіз аударған фактілер анықталды. Аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша Департамент анықталған бұзушылықтарды жою және оларға жол берген адамдардың жауапкершілігін қарау туралы орындалуы міндетті нұсқамалар енгізді.

Қазіргі уақытта кінәлі лауазымды тұлғалар ҚР ӨҚБТК-нің 462-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Қылмыстық құқықбұзушылық белгілері бар аудит материалдары қылмыстық қудалау органдарына берілді. Бүгінгі күні сотталушының қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәсі толық көлемде дәлелденген айыптау үкімі бар.

Алматы қаласы Спорт басқармасы «№7 Олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын бірінші басшысының бос азаматтық қызмет лауазымына орналасуға конкурс жариялайды.

Үміткерге қойылатын талаптар: дене шынықтыру және спорт саласы бойынша жоғарғы білімі және профессионалдық дайындығы бойынша кәсіпорынның профиліне сәйкес басшылық қызметте және мамандығы бойынша 5 жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі болуы керек.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының ресми басылымында («Алматы ақшамы», «Вечерний Алматы» газеттерінде) конкурс өткізу туралы соңғы хабарландыру жарияланған кезден бастап 15 күнтізбелік күні ішінде тапсырылуы тиіс.

Конкурсқа қатысу үшін келесі құжаттарды ұсыну қажет:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
- 3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
- 4) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 5) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері;
- 6) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6697 болып тіркелді) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.с.) бере алады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер Алматы қаласы Спорт басқармасында мына мекенжай бойынша өтеді: Алматы қаласы, Республика алаңы, 4, 4-қабат.

Анықтама телефондары: 8 (727) 338-26-04.

Медеу ауданы әкімінің аппараты және аудандық Ардагерлер кеңесі **Шора Бөкенұлы Имановтың** қайтыс болуына орай отбасы мен жақындарына көңіл айтады.

Шора Бөкенұлы 1938 жылы 19 қарашада Алматы облысы, Талғар ауданында дүниеге келген. Қазіргі Қазақ ұлттық университетінің Экономика факультетін 1961 жылы бітірген. Еңбек жолын сол жылы Алматы трикотаж фабрикасының №2 филиалында экономист болып бастаған. 1966 жылы тамызда Іле аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды. Алматы облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, Ленин ауданының екінші хатшысы, Алматы қаласы Кеңестік аудандық комитетінің бірінші хатшысы болып жұмыс істеді.

1977 жылдан 1979 жылға дейін Мәскеудегі КОКП ОК жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясында оқыды. Академияны бітіргеннен кейін Алматы облыстық партия комитетінің ұйымдастыру-партия жұмысы бөлімі меңгерушісінің орынбасары, Қазақстан Компартиясы ОК ұйымдастыру-партия жұмысы бөлімінің инспекторы болып жұмыс



істеді. 1984 жылы мамырда Алматы қалалық партия комитетінің хатшысы болып сайланды. 1991 жылғы қазаннан бастап Алматы қалалық әкімшілігі басшысының аппарат басшысы, 1994 жылғы қарашадан 1995 жылға дейін Алматы қалалық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы болып жұмыс істеді. Еңбек Қызыл Ту (1973 ж.), «Құрмет белгісі» (1971 ж.) ордендерімен, «Ерен еңбегі үшін» мерейтойлық медалімен (1970 ж.), Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен (1971 ж.) марапатталған.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 747 617 17 37 телефондары арқылы хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.
Апталық таралымы – 30 588

Кезекші редактор –
Естай БОЖАН

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ЧАЙЛДФРИ: саналы түрде сәби сүймеу мүмкін бе?

Естімеген елде көп. Қоғам өзгерді ме, әлде адам ба, әйтеуір, бізде де адам таңқаларлық, қоғам үрейлене қарайтындай жаңалықтар жетерлік секілді. Егер маған біздің қоғамда «чайлдфри» субмәдениетін қолдайтындар бар десе, өз басым сенбес едім. «Онысы несі, олар кімдер?» дейсіз ғой, Сіз де. Тарқатып айтып көрейік...



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

«Баласыз да бақытты өмір сүруге болады»

Чайлдфри – childfree – ағылшын тілінде «баладан азат болу» деген мағынаны білдіреді, яғни «баласыз өмір сүру» деген сөзге саяды. Бұл термин өткен ғасырдың 70-жылдары АҚШ-та «адам құқығын қорғау» бағытында дүниеге келіп, 90-жылдары халық арасына кеңінен таныла бастады. Жалғыздықты жанына серік еткендер батыс елдерінде күн санап көбейіп келеді. Шет елдерде бұл ұстаным түбегейлі орныққан. Тіпті, чайлдфрилер қоғамның белсенді мүшелері ретінде өздерінің жыл сайын форумын өткізіп тұратын көрінеді. Олардың әлеуметтік желілерде ой бөлісіп отыратын сайттары да бар. Түсінгеніміз, чайлдфри мүшелері деп саналы түрде бала сүйгісі келмейтін, өмірдің кереметін бостандық деп түсінетін, өзінің қалауымен ғана өмір сүріп, еркіндікті қалайтын жандарды айтады екен.

Деректерге сүйенсек, бұл топтағы адамдар жалпы бала атаулыны ұнатпайды. Мейлі, ол жақынының баласы болса да, сезім еш өзгермейді. Чайлдфрилер «өмір маған бір-ақ рет беріледі. Бірақ сол өмірді мен неге отбасын құрып, бала тууға арнауым керек? Мен неге өз бостандығымды, қалаған нәрсеммен айналысуға болатын еркіндігімді өзгелердің өмірі үшін тәрк етуге тиіспін? Жо-жок, мен үшін отбасы – аяққа тұсау, бала – қолға байлау» деп өзінің көзқарасын анық білдіреді. Олар үшін өмірдің мәні – оқуын бітіріп, іскер әйел атану, белгілі бір мансап иесі болып, өзге үшін алаңдамайтын еркін өмір сүру. Сол арқылы өмірден рахат табу.

Өкініштісі сол, біздің елде де дәл осы бағытты ұстанатын қыздар мен жігіттер, тіпті, отбасылар да бар көрінеді. Жаға ұстатар жағымсыз жағдай емей, немене? Чайлдфри бағытын ұстанатын кейбір бойжеткендер баладан түбегейлі бас тартатыны соншалық, дәрігерге арнайы барып, жатырын алдырып тастайтын көрінеді. Солар біздің елде бір сәбидің үнін аңсап, жөргек ісіне зар болып жүрген қаншама жұп бар екенін ойлай ма екен?! Мейірімсіз қоғам ба, әлде қарақөздеріміздің жүрегі қатыгездікке бой алдырған ба дейсің, әрине. Әйтпесе, қыз мұраты әуелден-ақ кету, ал бақыты – ана болу емес пе?! Мұндай жәйттер ерлі-зайыптылардың арасында да жиі кездеседі. «Отбасын



күру, ол – міндетті түрде сәбилі болу емес. Сәбисіз де бақытты өмір сүруге болады» деген қағидамен өмір сүретін отбасылар да болады. Бәлкім, баласыз да отбасын берік ұстауға болатын шығар. Десек те, «адам ұрпағымен мың жасайды». Ерлі-зайыптылардың отбасын құрудағы мақсаты да осы негізге құрылған. Сондықтан қазақ ұғымында ұрпақ өрбітіп, бала сүю, оны тәрбиелеу – отбасының басты парызы саналған.

Олар басқалардан несімен ерекшеленеді?

Әлеуметтанушылардың мәліметтері бойынша, чайлдфри-жұптар өздерінің балалышағалы құрдастарына қарағанда тұрмыстары жайлы, өте білімді, табысы мол (ерлі-зайыптылардың екеуі де) болады. Ал бай адамдардың танымал болуы, қай жерде де үлкен сұранысқа ие болуы заңдылық. Тағы бір айта кетерлігі, олар әлемнің үлкен қалаларында өмір сүруге бейім келеді. Негізінен, чайлдфрилер өте өзімшіл келеді. Мәселен, Торонто университетінің өкілі Дэвид Фут әйелдердің білімі қаншалықты жоғары болса, олардың бала сүю ықтималдығы соғұрлым аз болатынын дәлелдеген. Яғни әйелдер жұмыс еркіндігі үшін өз қалауымен чайлдфри болуға таңдау жасайды да, ерлер жұмыс істемеу үшін балалардан бас тартады.

Мен үшін өмірдің мәні – еркіндік

Чайлдфрилерге көбінесе ортасы әсер етеді. Бұл сөзімізге Света есімді бойжеткеннің сөзі дәлел болса керек. «Бірге жұмыс істейтін әріптес апайдың ешқашан өзгелер үшін басын ауырып жатқанын көрмеппін. Әдемі киінеді, өзін қатты күтеді. Күнде түрлі-түрлі қымбат көйлектер киеді. Қашан көрсен де жайнап жүреді. Осы күнге дейін

оның жүзінен уайым-қайғының белгісін көрген емеспін. Жасы елуден асса да, әлі жас көрінеді. Жұбайыммен анда бардық, мұнда бардық деп әңгіме айтып отыратынын талай құлағым шалған. Бір сөзінде ол жұбайы екеуінің өз еріктерімен балалы болудан бас тартқанын айтты. Алғаш естігенде таңқалдым, әрине. Ол кезде менің жасым жиырма бірде-тін.

Жасып. Шынымды айтсам, ана апайдың өмірі мен үшін өте қызық болды, қатты еліктетім. Сөйтіп, уақыт өте келе өзімнің жеке басымды ғана ойлап, уайым-қайғысыз өмір сүруге бейімделіп алғанымды түсіндім. Қатар құрбыларымның барлығы тұрмысқа шығып отбасымен әуре болып жүреді. Ал мен өзіммен-өзім өте тыныш өмір сүріп жатырмын. Ешкімнің өмірі үшін жауапты емеспін. Қайда көшем десем де өз еркім. «Енем реңжіді, жұбайыммен ұрысып қалдым, балам не болады?» деген проблема жоқ, қалағанымша жұмыс істеймін, қалағанымша ұйықтаймын. Ананың баласы менікінен артық боп кетті деп тыраштанбайсың. Олай-бұлай болып кетсем, балам не болады деп уайымдамайсың. Біреу балаларын – өмірімнің мәні дейді, ал мен үшін өмірдің мәні – еркіндік» дейді. Өзін чайлдфри мүшесімін дейтін Жанна есімді қызымыз: «мен байға тимесем, бала таппасам, бұл дүниеге қандай қиянатым тиюі мүмкін? Артында ұрпақ қалмаған қаншама ғұлама өтті, олардың фонында қарапайым менің ерікті бедеулігім деген не тәйірі?» десе, Айғаным атты қара көзіміз: «Мен баласын кез келген қоқыс жәшігіне тастап кетіп жатқан көкек-анадан жақсымын. Баланы қорлап, далаға тастап кеткенше, оның жарық дүниеге келмегенін дұрыс деп санаймын» дейді.

Негізінде, чайлдфри мүшелері өздері жайында артық әңгіме айтпайды. Бәлкім, олар үлкен қалаларда тұратын болғандықтан онша байқалмайтын шығар. Әйтпесе, соқа басы сопайып жүрген қыз-жігіттер мен бала

сүюге асықпайтын отбасыларды барлық жерде кездестіруге болады. Кейбіреулер оларды сынап, «бала сүйгісі келмеу – психикалық ауытқушылық» деп жатады. Бірақ олар да біз секілді өмірлік ұстанымы бар қарапайым адамдар. Көпшілігі әлеуметтік желідегі чайлдфри топтарға тіркелген. Көңілі құлазып, жаны жабырқаған сәттерде желі арқылы бір-бірлерімен араласып, өздерінің жалғыз емес екендіктерін сезіне алады. Және мұны өздері қалыпты жағдай деп түсінеді. Олар ешкімнің мүсіркеуіне, жаны ашып, қамқорлық танытуына мәжбүр емес. Сондықтан өзгенің сөзіне ере бермейді, өз позицияларын берік ұстанады. Сөз арасында айта кетейік, кейіпкерлердің есімдері өздерінің сұрауы бойынша өзгертіліп алынды.

Чайлдфри болуға не итермелеуі мүмкін?

Жасыратыны жоқ, арамызда жар құшып, бала сүюге асықпайтын қыз-жігіттер жетіп-артылады. Оларды біз бала сүюден бас тартқандықтан отбасын құрмай жүр деп және айта алмаймыз. Десек те, уақыт өте келе оларын өзгертіп, чайлдфри мүшесі болып кетпеуіне ешкім кепіл бола алмайды. Чайлдфри болуға негізінен, бала кезінде көп қиыншылық көргендер мүше болады екен. Түсініктірек болуы үшін, бірнеше негізгі себептеріне тоқтала кетейік. Бірінші себеп – ұрыс-керіс көп болған үйде өскен бала ата-анасының тағдырын қайталағысы келмейді; екіншісі – материалдық жағдайға байланысты, барлығы ақшамен шешіледі, сондықтан бірінші өз жағдайымыз жасауым керек деген түсінік, үшінші – денсаулығына байланысты бала сүйе алмайтындар, төртінші – мансап қуу, бесінші – еркіндікті жоғалту, себебі, олар отбасын құрған соң еркіндігі шектеліп, міндеттері көбейетінін түсінеді; алтыншы себеп – аналық инстинктің болмауы, жетінші себеп – эгоизм. Баласын кішкентай кезінде көп еркелеткен отбасының балалары есейгенде сол шеңберден шыға алмай қалады. Сол себепті, олар есейген кезде де уақыты мен күш-қайратын өзінен басқаларға жұмсағысы келмейді. Мұның барлығы – психологиялық себептер. Бұдан бөлек, отбасылы болғаннан кейін туындайтын физиологиялық себептер болады. Жас келіншектер бала туып жатып өліп кетуден, баласының белгілі бір кемістіктен тууынан қорқады. Осының барлығы әйел адамға қатты әсер етеді. Артынша күйеулерін балалы болмауға үгіттейді.

P.S. Біз өзгенің өмірін сын таразысына салудан аулақпыз. Өйткені, әр адам өз өмірінің қожайыны. Сондықтан оның жақсы не жаман болуы өзіне ғана байланысты. Десек те, жастарымыздың жоғарыда сөз еткен топтың мүшелері болмауына кім кепіл?! «Отызында орда бұзар» жігіттеріміздің бүгінде көбі әлі соқа басы сопайып, бойдақ жүр. Егер олар өз басының қамымен жүріп, отбасын құруға асықпаса, бала сүйіп ұрпақ өрбітпесе, біздің өсіп-өнуіміз хәм рухани жаңғыруымыз екіталай дүние емес пе?!



Суретті түсірген Саямат ҚҰСАЙЫНОВ.



Denisova 1

